

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі

Инновациялық Еуразия университеті

«Қорғауға жіберілді»

«__» _____ 2015__ж

«Журналистика және филология»

кафедрасының меңгерушісі,

филол. ғ. д., проф.

_____ А.Р.Бейсембаев

МАГИСТРЛІК ДИССЕРТАЦИЯ

**Тақырыбы: «Қару-жарақ атауларының лингвомәдени сипаты»
(батырлар жыры мәтіні негізінде)**

Мамандығы: 6М020500 – Филология

Орындаған ФИЛк(М)-201

тобының магистранты _____ **С.Е. Аханбаева**
(қолы)

Ғылыми жетекшісі

Phd философия докторы _____ **Д.Қ. Сапабеков**
(қолы)

Павлодар 2015

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі

Инновациялық Еуразия университеті

«Журналистика және филология» кафедрасы

С.Е. Аханбаева

**Қару-жарак атауларының лингвомәдени сипаты
(батырлар жыры мәтіні негізінде)**

**6М020500 – Филология магистрі
академиялық дәрежесін алу үшін дайындалған**

МАГИСТРЛІК ДИССЕРТАЦИЯ

Павлодар 2015

АНДАТПА

Аталған магистрлік жұмыс батырлар жырындағы қару-жарақ атауларының лингвомәдени сипатын қарастырады.

Батырлар жырындағы қару-жарақ атауларын, саралай талдап жүйелеу, теориялық талдаудан өткізу, қазақтың батырлар жырындағы қару-жарақ атауларының тілдік ерекшеліктері мен ұлттық дүниетаныммен байланысты мәліметтерді талдап зерттеу қажеттілігі магистрлік жұмыстың өзектілігін анықтайды.

Магистрлік жұмыстың бірінші тарауында батырлар жырындағы қару-жарақ атаулары, олардың атқаратын қызметі, жыр мәтіндеріндегі қару-жарақ атауларына қатысты кездесетін салт-дәстүрлері мен ырым-жоралғылары қарастырылды.

Магистрлік жұмыстың екінші тарауында батырлар жырындағы қару-жарақ атауларының тілдегі көрінісі мен ұлттық мәдени ерекшелігі ашылып көрсетіледі.

Магистрлік жұмыстың үшінші тарауында қазақтың қару-жарақ өнерінің дамуы мен қару-жарақ атауларының қазіргі кездегі қолданысы тұрғысынан қарастырылады..

Зерттеу тұжырымдары, алынған нәтижелерінің қазақтың көне қару-жарақ атауларының лингвомәдениеттану, этнолингвистикасы туралы материалдарды кеңірек қарастыруға, оның қазіргі кездегі қолданылу аясы туралы тың деректермен толықтыруға септігін тигізуі магистрлік жұмыстың теориялық маңыздылығы айқындайды.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы жұмыстың нәтижелері мен материалдарын әскери оқу орындары мен жоғары оқу орындары тәжірибесінде қару-жарақ тарихын оқыту курстарын өткізу барысында пайдалану мүмкіндігінен тұрады.

АННОТАЦИЯ

Данная магистрская работа рассматривает лингвокультурную характеристику наименования доспехов и вооружений в героических эпосах.

Необходимость сравнения, анализа, систематизации языковых особенностей и национального мировоззрения наименования доспехов и вооружений в героических эпосах определяет актуальность магистрской работы.

В первой главе магистрской работы рассматриваются функции, традиции, обычаи и ритуалы наименования доспехов и вооружений, встречающиеся в героических эпосах.

Вторая глава магистрской диссертации раскрывает языковую картину и национально-культурные особенности наименования доспехов и вооружения героических эпосов.

В третьей главе магистрской работы рассматривается развитие вооружения и военного искусства казахов и их использование в настоящее время.

Выводы исследования, полученные результаты позволяют шире рассмотреть материалы лингвокультуры и этнолингвистики, касающиеся наименований древнего вооружения казахов и определяет теоретическую значимость магистрской работы.

Практическая значимость работы состоит в возможности использования ее материалов и результатов в практике преподавания в военных учебных заведениях и вузовского преподавания при чтении курсов по истории вооружения, лингвокультурологии, этнолингвистике.

ANNOTATION

This paper discusses the master's linguacultural characteristics armor and weapons in the heroic epics. The need for comparison, analysis, systematization of linguistic features and national outlook names of armor and weapons in the heroic epics determines the relevance of the work of masters. The first chapter examines the work of master function, traditions, customs and rituals of the names of armor and weapons in the heroic epics.

The second chapter of master thesis reveals the linguistic picture and national-cultural feature names armor and weapons of the heroic epic.

In the third chapter of the master's work deals with the development of arms and military art of the Kazakhs and their use at this time.

The findings, the results allow to consider the wider materials of linguaculture ethnolinguistics about product and ancient weapons of the Kazakh. Their assistance in the completion of new information about the use of currently defines a theoretical valuable of master's work.

The practical significance of the work lies in the possibility of using its materials and results in the practice of teaching in the military schools and university teaching reading courses.

АНЫҚТАМАЛАР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР

Осы магистрлік диссертацияда сәйкес анықтамалар бойынша келесі терминдер қолданылады:

Лингвомәдениеттану	тілде бейнелейтін, тіл арқылы көрінетін ұлттық-мәдени құндылықтарды, ұлттық-мәдени ерекшеліктердің қолданылатын жүйесін зерттейді.
Анимизм	(лат. anima – рух, жан) – заттық дүние құбылыстарының жандылығын білдіретін термин.
Фетишизм	термин, используемый в различных областях знания (философия, религиоведение) и различных теоретических парадигмах. фетишизм религиозное поклонение неодушевленным предметам, которым придается сокровальное значение.

Осы магистрлік диссертацияда келесі қысқартулар қолданылды:

МАЭ	музей антропологии и этнографии
ТМД	тәуелсіз мемлекеттер достастығы

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	9
1 Қазақтың қару-жарақ атауларының батырлар жырындағы көрінісі.....	13
1.1 Батырлар жырындағы қазақтың қару-жарақ атаулары, олардың атқаратын қызметі.....	13
1.2 Батырлар жырындағы қару-жарақ атауларына қатысты салт-дәстүрлері, ырымдары.....	16
2 Батырлар жырындағы қару-жарақ атауларының лингвомәдени сипаты.....	25
2.1 «Ер Көкше», «Ер Қосай» жырларының зерттелуі.....	25
2.2 Жырларда қолданылатын қару түрлері.....	27
2.3 Жырларда қолданылатын қорғаныс жарақ түрлері.....	44
3 Қазақи қару-жарақ атауларының қазіргі қолданысы.....	59
3.1 Қару-жарақ жасау өнерінің дамуы.....	59
3.2 Қару-жарақ атауларының жаңаша қолданысқа ие болуы.....	63
Қорытынды.....	67
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.....	68

КІРІСПЕ

Жұмыстың жалпы сипаттамасы. Ауыз әдебиеті – дана халқымыздың тұрмыс-тіршілігінің, ғасырлар бойы жинақталған рухани асыл мұрамыздың қайнар көзі. Халқымыздың ұлттық болмысы осы ауыз әдебиеті үлгілерінде, әсіресе, батырлар жырында нақты көрініс табады. Тарихта қалған аласапыран киын кезеңдерде ата-бабаларымыздың күнделікті кам-қарекеті, тұрмыс-тіршілігі, салт-дәстүрі де Отанын, елін, жерін сақтап қалуға, оны жан аямай қорғауға бағытталғанын білеміз. Осыған байланысты академик С. Қасқабасов: «Батырлық жырдың ең басты ерекшелігі – елін, туған жерін шапқыншы жаудан қорғаған батырды дәріптеп, оның ерлік істерін паш ететіндігі», – дейді [1]. Бұдан әу бастан-ақ қазақ халқы жауынгерлердің қаруларына, әскери атау-шендерге асқан құрметпен қарағанын аңғарамыз. Қару-жарақтарын құрсанып, бес қаруын бойларына асынған ерлерінің есімдерін ұранға айналдырған, сондай-ақ батырлар ұстаған қару-жарақтарды ұрпақтарына мұра ретінде аманат қып қалдырған. «Ақ білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен» деген мақалдан қазақ халқына жеңістің қалай оңай келмегенін аңғаруға болады. «Батырға таяқ та жарақ», «Ер қанаты – ат» демекші ер жігіттің шайқастарда ойсырата жеңіске жетуі, көп жағдайда екі нәрсеге: астындағы тұлпары мен үстіндегі қорған болар сауыты, яғни қолданған қару-жарағына тікелей байланысты екені ақиқат. Данышпан халқымыз бұл ойын: «Жауға жарақсыз барма, қаруыңды күтпей қапы қалма...» деп тұжырымдаған.

Ертедегі көне түсінік бойынша жауынгерлік қару-жарақ көктен түскен киелі заттардың бірі болып саналады. Ерте заманда болған қару жараққа табыну салт-дәстүрі, кейінгі ғасырларда да сақталып, бірақ аздап өзгерген түрде қолданылып, соғыс қаруларына қатысты әртүрлі ғұрыптар мен ырымдарды қалыптастырған. Қарудың жаны бар деген көне сенім бойынша қару-жарақтардың әрқайсысына жеке есім беріліп, шайқас алдында жауынгер батырлар қаруларымен серттеседі екен. Сонымен қатар қару-жарақ – жеке дербестіктің, басқару-биліктің, жеңістің белгі, нышаны. Халықтың көне түсінігі бойынша қарудың атқаратын бірнеше қызметі бар: үкімді шығарушы, қорғаушы, зиянкестерді қуушы, тыйымды бұзушы, емдік зат, соғыс құралы, сенімді дос, бағалы сыйлық.

Осы тұрғыдан алғанда қазақтың ауыз әдебиеті саласында арнайы қарастырылып зерттелмеген мәселелердің бірі – батырлар жырындағы қару-жарақтардың қолданылу сипаты екендігі анықталады.

Ғалым С. Қасқабасов: «Осыған орай тағы бір айтатын нәрсе – қазақ фольклорында сипатталатын батырлардың қару-жарағы. «Ер қаруы – бес қару» дейді халық. Әдетте, оларға қылышты, найзаны, садақты, сауытты, шоқпарды жатқызады. Алайда халық ауыз әдебиетінде жырланатын батырдың қаруы бұдан әлдеқайда көп: алтын балдақ, ақ семсер, бадана көз кіреуке, тоғыз қабат ақ сауыт, алтын сауыт кебе, қозыжауырын жебе, балдағы алтын ақ берен, болаттан соққан айбалта, гүрзі, қанжар, мылтық, т.т. Міне, осыларды ғылыми

негізде анықтап, сипаттайтын мезгіл келген сияқты», – деп, осы тақырыптың зерттелуі қажеттігін атап көрсетеді [2].

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Жалпы батырлық жыр-эпостардың көркемдік ерекшелігі, тілі, шығу тарихы Ш. Уәлихановтан бастап осы уақыттағы зерттеушілерге дейін бірталай еңбектер жазды. Олардың ішінде А. Байтұрсынов, М. Әуезов, Ә. Марғұлан, Р. Бердібаев, т.б. еңбектері құндылығымен ерекшеленеді. Ш. Уәлихановтың еңбектерінде 18-19 ғ.ғ. қазақтың суық және от қаруының түрлері, олардың типтері, жасалу технологиясы, қазақ тіліндегі дәстүрлі кәсіби атаулары, олардың қолданылуы, қазақ халқының қару-жарақпен байланысты салттары, ырымдары туралы мәселелер көтерілді.

Соңғы уақытта қазақтың қару-жарақтары және әскери өнері жайында бірқатар еңбектер жазылды. Ауыз әдебиетімізде батырлардың қарулануын білдіретін «бес қаруын асынды», «бес қаруы бойында», «бес қаруын сайланған» деген сөз тіркестері тілімізде қазіргі кезде де қолданылады.

Қазақ халқының қару -жарақпен байланысты салттары, ырымдары туралы мәселелер көтерілгенмен, өкінішке орай, бұл мәселелердің көпшілігінің зерттелуі ғылымда өз жалғасын таппай, қазақтардың қару-жарағы тек бір аяда, бір бағытта ғана, атап айтқанда, әскери істің бір бөлігі ретінде ғана қарастырылып келді. Тіпті этнографиялық сипаттағы еңбектерде де қару жарақ тек соғыс құралы тұрғысынан ғана зерттелді. Бұл зерттеу тақырыбының көкейкестілігін қамтамасыз ететін төмендегі қайшылықтарды бөліп көрсетуге мүмкіндік берді:

- 18-19 ғасырларда қару-жараққа қатысты зерттеулер болғанымен, қазақ халқының мәдени-тұрмыстық жағдайларына қатысты қарастырылмауы;
- бүгінгі әскери оқу орындарында лингвомәдени тұрғыда тарихымыздағы бар қару-жарақтарды таныту мақсаты жүзеге асырылмауы;
- жоғарыдағы екі қайшылықтың Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша халықтың рухани мәдениетінің толыққанды сипатын танытуға мүмкіндік бере алмайтындығы.

Батырлар жырындағы қару-жарақ түрлерін салыстырып, саралай талдап жүйелеу, теориялық талдаудан өткізу жұмыстың ғылыми мәнін айқындайды. Қазақтың батырлар жырындағы қару-жарақ туралы мәліметтерді талдап зерттеу ғылыми таным үшін маңызды болып табылады.

Зерттеу нысаны. Батырлар жырларындағы қару-жарақ атаулары.

Зерттеу пәні. Батырлар жырларындағы байырғы әскери қару-жарақ атауларының лингвомәдениеті.

Мақсаты. Батырлар жырларындағы қару-жарақ атауларының лингвомәдени сипатын анықтау.

Зерттеу міндеттері:

- көне қару-жарақ атаулары бойынша ақпараттар, мәліметтер жинау, оларды іріктеп жіктеу;
- батырлар жырындағы қару-жарақ атауларының негізгі қызметтерін анықтау;

- батырлар жырындағы қару-жарақ атауларының негізгі тілдік ерекшеліктерін айқындау;
- батырлар жырларындағы қару-жарақ атауларын жүйелеу концепциясын, тірек-сызбасын жасау;
- көне қару-жарақ атауларының қазіргі кезде қолданысын анықтау

Зерттеудің дереккөздері. Аталған жұмыста тақырыпқа қатысты жазылған ғылыми еңбектер мен мақалалар пайдаланылды. Түрлі басылымдарда, баспасөз беттерінде жарық көрген батырлар жырының үлгілері пайдаланылды. Тарих, этнография, археология, тіл білімі, т.б. іргелес ғылым салаларында жазылған зерттеулер қаралды.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы мен нәтижелері.

- қазақ этносының табиғи, рухани болмысы туралы тілдік сипаттамалар, оның рухын, дүниетанымын, ұғым-түсінігін білдіретін тілдік деректер де жинақталып зерделенді;
- қазіргі кезде қолданыста жүрген қару-жарақ атауларының көне қару-жарақ атауларымен сәйкестілігі қарастырылды.

Зерттеудің әдіс-тәсілдері. Зерттеу барысында теориялық-әдістемелік негіз ретінде зерттеу, лингвистикалық талдау әдісі басшылыққа алынды. Қажетіне қарай тарихи-салыстырмалы, сипаттама, жүйелеу, топтау, салыстыру тәсілдері қолданылды. Барша деректер тақырыптық, мағыналық, логикалық жүйе негізінде жинақталып берілді.

Диссертациялық жұмыстың теориялық және әдіснамалық негіздері.

Қару-жарақ атауларына қатысты тілдік материалдар мен этнографиялық деректерді зерттеу барысында Ш. Ш. Уәлиханов, С. А. Қаскабасов, Қ. С. Ахметжанов, Т. Байжанов, В. П. Курылев, Ә. Қайдар, Ә. Марғұлан, А. К. Кушкумбаев, Р. М. Ұзақова, т.б. ғалымдардың негізгі теориялық тұжырымдары мен пікірлеріне сүйендік.

Зерттеудің теориялық маңызы. Зерттеу тұжырымдары, алынған нәтижелері қазақтың көне қару-жарақ түрлерінің этнолингвистикасы туралы материалдарды кеңірек қарастыруға, оның қазіргі кездегі қолданылу аясы туралы тың деректермен толықтыруға септігін тигізе алады.

Зерттеудің практикалық маңызы. Жұмыстың нәтижелерін орта мектептерде алғашқы әскери дайындық пәнін және әскери оқу орындары мен әскери қызмет саласында қару-жарақ тарихын оқыту барысында пайдалануға болады.

Кілтті сөздер. Лингвомәдениет, батырлар жыры, қару атаулары, жарақ атаулары, көнерген сөздер, әскери лексика, кірме сөздер, этнография, эпос, дәстүрлі мәдениет, салт-дәстүр, ырымдар.

Қорғауға ұсынылатын тұжырымдар.

- батырлар жырындағы қару-жарақ атаулары, олардың атқаратын қызметі;
- батырлар жырындағы қару атауларының лингвомәдени сипаты;
- батырлар жырындағы жарақ атауларының лингвомәдени сипаты;
- қару жарақ атауларына қатысты салт-дәстүр, ырымдардың батырлар жырындағы орны;

– қару-жарак атауларының қазіргі қолданысы.

Зерттеу жұмысының жариялануы.

Зерттеу тақырыбы бойынша 4 мақала жариялануға ұсынылды.

- «Ер Көкше», «Ер Қосай» батырлар жырындағы қару-жарак түрлерінің этнолингвистикалық табиғаты // «Жас ғалымдардың Қазақстанның ғылыми-инновациялық дамуындағы орны» атты студенттер мен магистранттардың республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары // (Жетісай, 9. 04. 2015).
- Батырлар жырындағы қару-жарак атауларының этнопсихологиялық аспектілері // Қазақ хандығының 550 жылдығына арналған «Жас ғалым – 2015» атты V халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары // (Тараз, 14-15. 05. 2015).
- Қазақ халқының қару-жарак түрлеріне қатысты салт-дәстүрлері, ырымдары // Голоса молодых (опыт лингвистических исследований) / Под ред. А.Р. Бейсембаева, 3-е изд. // (Павлодар, 2015).
- «Ер Көкше», «Ер Қосай» жырларында қолданылған қару атауларының лингвомәдени сипаты // Инновациялық Еуразия университетінің хабаршысы // ғылыми журнал // (Павлодар, 2015).

Зерттеу жұмысының құрылымы. Зерттеу жобасы кіріспеден, үш тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады.

1 Қазақтың қару-жарак атауларының батырлар жырындағы көрінісі

1.1 Батырлар жырындағы қазақтың қару-жарак атаулары, олардың атқаратын қызметі

Батырлар жырларындағы қару-жарак атауларының этнолингвистикалық табиғатын, оның ішінде лингвомәдени ерекшеліктерін анықтап зерттеу қазіргі уақытта өзекті мәселелерді бірі болып табылады. Демек, батырлар жырындағы қару-жарак түрлерінің лингвомәдени сипатын зерттеу үшін, ең алдымен, «лингвомәдени» деген термин сөздің анықтамасын ашып алып, қару-жарак түрлерінің тілдік ерекшелігін талдаудағы теориялық маңыздылығын айқындауымыз қажет.

«Лингвомәдениеттану» қазақ тіл білімінде енді қолға алынып зерттелініп жатқан ғылыми салалардың бірі болып табылады. «Лингвомәдениет» терминіне қазіргі кезде ғалымдар әр қилы анықтама беріп жүр. Соның ішінде ресейлік ғалым В. А. Маслова аталған терминді халықтың мәдениетін тіл арқылы танытатын ғылым саласы ретінде қарастырып, былай дейді: «Лингвокультурология – это наука, возникшая на стыке лингвистики и культурологии и исследующая проявления культуры народа, которые отразились и закрепились в языке» [3].

Ғалым В.А. Маслованың берген анықтамасымен толық келісеміз, өйткені халықтың рухани өмірінің азығы оның салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары болып саналады және ол сол халықтың ұлттық мәдениеті болып табылады. Ал ол өз алдында тіл арқылы көрініс береді. Сол сияқты тілді халық мәдениетімен байланыстырған ғалымдардың бірі – А. Потебня. Ол халық рухының алдымен тілде содан кейін әдет-ғұрып, салт-дәстүр, ән өнерінде, фольклорда екендігін айтып, құнды ой тұжырымдар жасайды.

Қорыта келгенде, лингвомәдениеттану – тілде бейнелейтін, тіл арқылы көрінетін ұлттық-мәдени құндылықтарды, ұлттық-мәдени ерекшеліктердің қолданылатын жүйесін зерттейді. Аталған зерттеу еңбегімізде батырлар жырындағы қару-жарак түрлерінің тіл арқылы көрінетін ұлттық-мәдени ерекшеліктерін ашып, халықтың рухани мұрасының, ұлттық болмысының тілдік құралдар арқылы талдап көрсетеміз.

Қазақтың қару-жарак түрлеріне байланысты зерттеулер баршылық болғанмен, оның ауыз әдебиетіндегі, әсересе, батырлар жырындағы сипаты жөніндегі еңбектер аздық етеді. Жалпы батырлық жыр-эпостардың көркемдік ерекшелігі, тілі, шығу тарихы Ш. Уәлихановтан бастап осы уақыттағы зерттеушілерге дейін бірталай еңбектер жазды. Олардың ішінде А. Байтұрсынов, М. Әуезов, Ә. Марғұлан, Р. Бердібаев, т.б. еңбектері құндылығымен ерекшеленеді. Ш. Уәлихановтың «Вооружение киргиз в древние времена и их военные доспехи» атты еңбегінде қазақтың суық және от қаруының түрлері, олардың типтері, жасалу технологиясы, қазақ тіліндегі

дәстүрлі кәсіби атаулары, олардың қолданылуына жете тоқталады [4]. Өкінішке орай, бұл мәселелердің көпшілігінің зерттелуі ғылымда өз жалғасын таппай, қазақтың қару-жарақ түрлері бір бағытта ғана, атап айтқанда, әскери істің бір бөлігі ретінде ғана қарастырылып келді.

Қазақстандық тарихнамада тікелей қазақтың 17-19 ғасырлардағы қару-жарағына қатысты мәселелер ең алғаш рет 1969 жылы шыққан Г.И.Семенюктің еңбектерінде қарастырылды, бірақ онда қазақ қару-жарағының жекелеген түрлері ғана қысқаша сипатталды. Бұл жылдары шыққан елеулі еңбек ретінде Санкт-Петербург қаласындағы Антропология және этнография музейінің (МАЭ) қорындағы қазақ қаруының үлгілерін зерттеген В.П.Курылевтің «Оружие казахов» атты еңбегін айтуға болады. Ғалым: «Все вооружение казахов, хранящееся в собраниях МАЭ, относится к ручному виду оружия... у казахского народа в прошлом преобладало различного вида холодное оружие. Эти данные находят подтверждение в многочисленных письменных источниках», – дейді [5]. Суық қару түрлеріне қазақтың бес қару түрлерін жатқызып, олардың батырлар жырында нақты көрініс табатындығы жөнінде былай дейді: «О преобладании в прошлом у казахов холодного оружия свидетельствует также фольклорный материал, особенно героические эпосы, в которых рассказывается о подвигах народных героев – батыров. Например, в героическом эпосе «Алпамыс-батыр» среди военного сражения батыра упоминаются дубинки, сабли (мечи), и копья. Каменная булава, лук, стрелы, булатный меч (сабля) и копье составляют оружие батыров в наиболее известном среди казахов героическом эпосе «Кобланды-батыр» [5, 6 б.].

Батырлардың әскери құралдары «қару-жарақ» деп аталады. «Қару-жарақ – тарихтың құнды жәдігері. Жауынгер халықтың қару-жарағы оның ерлікке толы өмірінен мәлімет беріп, еркіндікке ұмтылған мақсат-мүддесін танытады. Қазақ халқы қару-жарақты аса қадірлеп, жеті қазынаның біріне жатқызған», – дейді ғалым Р.М. Ұзақова [6].

«Қару» мен «жарақ» сөздерінің мағынасына үңілу халықтың тұрмыс-тіршілігіндегі қасиетті құралдың орнын анықтауға көмектеседі. Жалпы, лингвистика тұрғысынан зерттеуші ғалымдар бұл екі сөздің өзара айырмашылығын ажыратып көрсетеді. «Қару» сөзінің түпкі түбірі «қар», яғни бұл «қармау, ұстау» деген мағынаны білдіріп, қолға ұстайтын соғыс құралы ретінде қолданылады. Ал «жарақ» сөзіне қатысты пікірлер де бір жақты емес:

М. Қашқаридің Диуани Лұғат-ат түрк» еңбегінде: «Йарық-жарақ сөзі түркі тілінде жауынгерлердің қарудан қорғану үшін шайқасқа киіп шығатын темір сауыт, қалқандардың кез келгеніне қолданылатын ортақ атау» – деп көрсетілген [7].

Ғалым Р.М.Ұзақова: «Орыс тілінде «вооружения» және «доспехи» атауларын қазақ тіліне дәлме-дәл аударғанда, «қару-жарақ» және «сауыт-сайман» деген мағынаны білдіреді. Сондықтан да қару-жарақ тақырыбын зерттеушілер «қару» мен «сауытты» жеке бөлшектеп алмайды, «қару-жарақ» сөзін соғыс құрал-саймандарының ортақ атауы деп қарастырады», – дейді [6, 6 б.].

Қару мен жарақтың ара жігін ажыратып көрсететін жоғарыда аталған ой түйінді Қ.С. Ахметжановтың да еңбегінен көреміз: «Батырлардың соғыс құралдарын атқаратын қызметіне қарай екі топқа бөлеміз. Біріншісі, шабуыл құралдары– «қару», екіншісі, қорғаныс құралдары «жарак» [8].

Сонымен, батырлардың «қару-жарақтары» деген ұғым екі қырынан алынып, екі түрлі қызмет атқаратын сөздер екенін анықтадық. Батырлардың қару-жарағы дегенде біз бірінің-соғысу құралы, ал екіншісінің қорғаныс құралы ретінде ажыратылып қарастырылатынын, бірақ бұлар соғыс құрал-саймандарының ортақ атауы екендігін сараладық.

«Ер қаруы – бес қару» деген сөз қазақ фольклорында кеңінен қолданылып жүрген мақалдардың бірі. Бұл мақалдың қолданылу сипаты жөнінде

Қ.С. Ахметжанов «Жараған темір кигендер» атты еңбегінде: «Қару – соғыста қолданылатын шабуыл құралы. Соғысқа қатысты екі сөз қосылып «ер қаруы» деген сөз тіркесінде, әскери термин ретінде, жай қару емес, батырдың қаруы, соғыс қаруы, яғни «жауынгерлік қару» деген ұғымды білдіріп тұр. Бұл сөздердің мағынасы орыстың «боевое оружие» деген ұғымына сәйкес. Сондықтан «ер қаруы – бес қару» деген сөз тек батырларға байланысты айтылады», – дейді [8, 25 б.].

Сонымен қатар қарудың неліктен бесеу болатындығы жөнінде де құнды пікір білдіреді: «Қару-жарак түрлерінің бесеу болып қалыптасуы олардың өзіндік, бірін-бірі ауыстыра алмайтын жеке қызметінің (функциясының) болуына байланысты. Соғыс қаруларының жұмсалыу тәсілі бес түрлі болып қалыптасқан. Олар – ату (садақ не мылтық), кесу (қылыш), түйреу (найза), шабу (айбалта), соғу (шопар). Басқа қарулар осы бесеуінің вариациялануы, түрленуі ғана. Сондықтан айқаста бұл бес қару бірінің орнын бірі баса алмайды» [8, 46 б.].

Қарудың қолданылу орны мен қызметі туралы құнды пікірді В.П. Курылевтің «Оружие казахов» атты еңбегінен көруге болады, ғалым қарудың көшпелі халықтың жайылым жерлерін сақтап қалу үшін, сондай-ақ оны кеңейте түсу үшін де қажеттілігі зор дейді, сондай-ақ оның аң аулау кәсібіне байланысты да қолданылғанын атап өтеді: «Оружие является одним из компонентов материальной культуры. С развитием производительных сил общества оно подвергалось определенным изменениям, однако, как и другие компоненты культуры, сохраняло свои традиционные черты. Это было характерно и для кочевых в прошлом племен и народов, у которых наблюдалось, с одной стороны, довольно устойчивое сохранение основного способа производства, а с другой стороны – постоянная необходимость с оружием в руках отстаивать и приобретать новые обширные земельные площади, без которых было невозможно ведение кочевого скотоводства. Военное оружие, особенно в первоначальные этапы истории, одновременно являлось и орудием охоты, занимавшей, как известно, значительное место в кочевых обществах. » [5, 4 б.].

Ал жарак атаулары халқымыздың әдеп-ғұрпы мен танымын танытатын ерекше қорғаныс құралы болып табылады. Ғалым А.Ж. Мұқатаева «жарак»

сөзіне жан-жақты түсініктеме бере отырып былай дейді: «По понятием «доспехи» обычно подразумевается воинское снаряжение для защиты батыра-воина и его коня – кольчуна, панцирь, латы и др.» [9]. Сондай-ақ ғалым қазақ эпостарында жарак түрлерінің қолданылу сипатына нақты тоқталып, олардың бойына ерекше қасиет, сиқырлы күш сыйдырылғаны жөнінде: «Судя, по эпосу, доспехам батыра придавалась исключительно большое значение. По своей защитной силе, прочности, ценности они должны были соответствовать аналогичным качествам предметов боевого снаряжения. Доспехи фетишизировались, им приписывались чудодейственная сила, мифические свойства», – деп құнды ой айтады [9, 5 б.]. Фетишизм фольклор шығармаларында жиі кездеседі. Бұл термин «заттарды жандандырып, оларға табыну» деген ұғымды білдіреді. Философиялық энциклопедиялық сөздігінде: «Фетишизм – термин, используемый в различных областях знания (философия, религиоведение) и различных теоретических парадигмах.1) фетишизм религиозное поклонение неодушевленным предметам, которым придается сокровенное значение» [10].

Бұдан қазақ эпостарындағы жарак түрлерінің тек қорғаныс құралы ғана емес, батырлардың бойына ерекше қасиет пен сиқырлы күш-қуатты дарытатын ерекшелігі бар екенін аңғарамыз.

Ауыз әдебиетінде қару-жарак ердің күш-қайраттылығын танытатын әмбебап құрал ретінде көрінеді. «Қарның ашса – тамағың, жаяу жүрсең – таяғың» деп келетін мақалдың астарында қарудың адамды ашығудан сақтайтын қызметімен қатар, керек кезде іске асар тұрмыстық құрал бола білетін қасиеті жатса керек» [6, 6 б.]. Бастапқы мәдени даму сатыларында қарудың нақты қызметі бөлінбеген еді. Оны М.О.Косвеннің төмендегі пікірі дәлелдей түседі: «Первоначально не существует дифференциации между орудием и оружием. Вместе с тем примитивное орудие-оружие остается надолго в большей или меньшей мере универсальным, т.е. употребляется для разных целей. Лишь постепенно орудие и оружие, а равно различные виды каждого из них дифференцируются» [11].

Қорытындылай келе, қару-жарак түрлерінің қызметі, қолданылуы батырлардың қорғаныс құралдары ғана емес, сонымен қазақ халқының салт-дәстүр, тұрмыс –тіршілігімен тығыз байланысты екендігін анықтадық. Сондай-ақ қару-жарак арқылы батыр бабаларымыз өз елін, жерін қорғап, олардың ерлік істері жырмен айшықталып, кейінгі ұрпаққа жеткізіліп отырған.

1.2 Батырлар жырындағы қару-жарак атауларына қатысты салт-дәстүрлері, ырымдары

Ежелгі бабаларымыздың дәстүрлі қару-жарак жүйесі шабуыл мен қорғаныс қаруының бірнеше түрі мен топтарынан құралған. Түркілердің қару-жарақтар түрлері, олардың қосымша элементтерінің атауы өзге түркі тілдес халықтардікіне ұқсас болып келеді. Бұл осы жүйенің барлық түркітілдес халықтар үшін ортақ болғанын және оның түркі дәуірінде қалыптаса

бастағанын білдіреді. Көшпенділердің қорғаныс қаруы да осы дәуірде пайда болды.

Жалпы батырлық жыр-эпостардың көркемдік ерекшелігі, тілі, шығу тарихы Ш. Уәлихановтан бастап осы уақыттағы зерттеушілерге дейін бірталай еңбектер жазды. Олардың ішінде А. Байтұрсынов, М. Әуезов, Ә. Марғұлан, Р. Бердібаев, т.б. еңбектері құндылығымен ерекшеленеді.

Ш.Уалихановтың еңбектерінде 18-19 ғ.ғ. қазақтың суық және от қаруының түрлері, олардың типтері, жасалу технологиясы, қазақ тіліндегі дәстүрлі кәсіби атаулары, олардың қолданылуы, қазақ халқының қару-жарақпен байланысты салттары, ырымдары туралы мәселелер көтерілді.

Соңғы уақытта қазақтың қару-жарақтары және әскери өнері жайында бірқатар еңбектер жазылды. Ауыз әдебиетімізде батырлардың қарулануын білдіретін «бес қаруын асынды», «бес қаруы бойында», «бес қаруын сайланған» деген сөз тіркестері тілімізде қазіргі кезде де қолданылады.

Қазақ халқының қару-жарақпен байланысты салттары, ырымдары туралы мәселелер көтерілгенмен, өкінішке орай, бұл мәселелердің көпшілігінің зерттелуі ғылымда өз жалғасын таппай, қазақтардың қару-жарағы тек бір аяда ғана, бір бағытта ғана, атап айтқанда, әскери істің бір бөлігі ретінде ғана қарастырылып келді. Тіпті этнографиялық сипаттағы еңбектерде де қару жарақ тек соғыс құралы функциясы тұрғысынан ғана зерттелді.

Қазақтың аңыз-дастандарында жауынгерлер қауымы өкілдері – батырлар қолданған бес түрлі қару туралы жиі сөз болады. Қазақ жауынгерлері қару-жарақты бес түрге топтастырып, оларды «Ер қаруы – бес қару» деп жалпылама атаған. Қазақтардың бесқаруы: қамшы (дойыр), сойыл, шокпар, найза, жақ (садақ). «Ер қаруы – бес қару». Сойылдың орнына қылыш немесе айбалта да асынған. Олар өзіндік ерекшелігіне байланысты: ату, кесу, шабу, түйреу және соғу қаруы делініп, бес түрге бөлінген.

Еуразиялық көшпелі халықтарда қорғаныс жарағының негізгі түрлерінің қалыптасуы да б.з.д. I мыңжылдықтың ортасынан басталады. Көшпелі елдер сауыттарының бірінші түрі – төртбұрышты ірі металл тақталарды теріге, мата, матаға шегемен қатарлап бекіту арқылы жасалған берен сауыт. Екінші бір мәліметтерде сауыт біздің заманымыздан бұрынғы бірінші мыңжылдықта Ассирияда пайда болып, кейін барлық елге тараған киім дейді зерттеушілер. Біздің ата-бабаларымыз – сақтар да, қыпшақтар да сауыт жасаудың шебері болған. Қазақта: «Ақ сауыттың жағасы бар, жеңі жоқ» деген мәтел бар.

Қазақтар соғыс қаруын айрықша қастерлеген. Қаруды кім болса сол асынбаған. Орта ғасырларда семсер немесе алдаспан қылыш биліктің белгісі саналып, таққа отырған билеушіге табысталып отыратын. Қазақтар хан көтерген кезде билік пен хандықтың белгісі ретінде белдігіне алтын қылыш тағыпты. Жоғарыда аты аталған бес түрлі қару әскери биліктің белгісі саналып, әскери шен қарумен белгілеген. Қызметке тағайындалған кезде әскербасыларға қыл-құйрық немесе мойшақ тағылған найза, қылыш немесе күрзі тарту етілді. Қару асыну құқына ие болған адамдарға белгілі бір артықшылықтар да берілген. Мысалы, Тәуке ханның «Жеті жарғы» заңы бойынша хан кеңесіне

қару асынған хандар, сұлтандар, батырлар мен ру басылары ғана қатыса алатын. Ал, жиын-тойда, мерекеде асынатын қару-жарақ әскери награда қызметін атқарды. Әскери шен-шекпенді дәстүрлі ас пен мерекелер кезінде өткізілетін жарыстарда бәйгеге тігіп отырған.

Сол жаужүрек бабалардың бүгінгі ұрпағы да қазақтың бес қаруына үлкен құрметпен қарайды. Арамызда әлі күнге дейін даңқты бабаларынан қалған қаруды қастерлеп, төріне іліп қоятын қазақтар аз емес.

Қазақтар соғыс қаруын пайдалану шеберлігін жан-жақты меңгерді. Батырлар жекпе-жегі ермек үшін емес, олардың қару ұстау шеберлігін, күші мен ерлігін айқындау үшін өткізіліп отырды. Жекпе-жекте міндетті түрде қару қолданылды. Көшпенділер жауынгерлері де қазіргі кездегі сияқты ұстаған қаруына қарай бірнеше топқа бөлінген. Белгілі бір қаруды жетік меңгерген жауынгерлерден найзагерлер, семсершілер, садақшылар, айбалташылар жасақтары құрылған. Бес қаруды әбден меңгерген шебер батырлар ең үздік гвардия бөлімшелеріне алынған. Көшпенділердің соғыстағы әскери тактикалары да осы бес қаруды пайдалану ерекшеліктеріне негізделді. Әдетте, соғыс алыс қашықтықта тұрып садақтан оқ атудан басталған. Атты әскер найзаны жаппай шабуыл кезінде қолданған. Кейін арадағы қашықтық жақындаған кезде қарудың өзге түрлеріне көшкен.

Халықтың дәстүрлі мәдениетінде түрлі объектілерді киелеудің, қадірлеудің бір белгісі – адамның, жануардың, заттың өз атын атамай, оның ерекше сипатын білдіретін жанама, жасырын атты қолдану. Түркі халықтарында аң аулау кезінде ауланатын атты, немесе аң аулауда қолданылатын затты өз атымен атамай басқа атпен атау ырымы болған. Аң ауланып біткенше үйреншікті аттары ұмытылып, жанама аттар пайдаланылады [12]. Осындай ырым қазақтарға да тән. Бұрынғы кездерде қазақтарда да әскери жорықта осындай ырым жасалған. Ш. Ш. Уәлиханов қазақтардың жорықта жол болып, іс оң болу үшін әр заттың атын атамай, жасырын ат қолданғанын атап өтеді.

«Ер Қосай» жырында бүгінгі күні бастапқы мағынасы көнерген (архаизм) небір қару түрлері атаулары ұшырасады. Батыр жауымен айқасқа шығар алдында қару-жарағына қарата сөз айтып, серттеседі:

Алты атқа алған адырна,
Ата алмасам – маған серт.
Шым жібектен ескен кірісі,
Үзіліп кетсең – саған серт.
Он атқа алған бұхаржа,
Кірістен кетсең – саған серт [13,123 б.].

Қаруды қастерлі деп санаған ертедегі қазақтар оған сыйынған, ант беріп, әр қаруға өзінше ат қойған. Бұхарада жасалған жақтарды қазақтар осыған орай «бұхаржа», «бұхаржай» деп те атаған көрінеді.

Дәстүрлі мәдениетте қалыптасқан өмір циклы ырымдарында да қару – жарақ рәсімдік құрал қызметін атқарады. Қазақтарда неке қию рәсінде ат жалының қылдары байланған садақ оғы қолданылған. XIX ғасырдың ортасына

дейін ұзатылған қыздың жасауының құрамына да ең бағалы зат ретінде қымбат қару-жарақ түрлері енген.

Көшпелі халықтарда қаруға табыну жерлеу ғұрпымен тығыз байланысты болып, ер қаруы жерлеу құралдарына кіретін негізгі заттың бірі болатын. ХҮІІІ-ХІХ ғасырларға дейін қазақтар да мәйітпен бірге оның қару-жарағын жерлеген. Адам өлгенде қазақтар найзаға қаралы ту тағып, шаңырақтан шығарып қоятын болған, адам жерленгеннен кейін «найза сындыру» ғұрпы атқарылған.

Қазақтың батырлар жырында анимизмнің ізі анық байқалады. Анимизм – (лат. *anima* – рух, жан) – заттық дүние құбылыстарының жандылығын білдіретін термин [10]. Жырда Ер Көкшенің болат қылышының мұқалуы қайғылы оқиғаны білдіретін тұсы кездеседі. Қаруды аса қастерлеп оның жаны бар деп есептелуі жайында С.А. Ахметжанов былай дейді: «Қаруды жанды санап, оған мадақ айтылып, айқасқа кірер алдында батырлар қаруларымен серттесетін» немесе «Батырдың жаны мен қарудың өзара байланысы бар деген сенімнен туған болу керек, кейде батыр оның қарулары сындырылып, арнайы жерлендіру ырымы да бар», – дейді [8, 26 б.].

Аз-ақ қалды қайратым,

Сиынғаным – болатым [14, 110 б.].

Қосай сонда ақырды:

– Тоқта, тоқта, жүз қатын,

Қырқылған шығар қанатым,

Мұқалған шығар болатым [14, 110 б.].

Соңғы жыр жолдарынан қаруының мұқалуы батырдың опат болғанын білдіргенін байқаймыз. Қарудың бұзылуы, түр-түсінен айырылуын ғалым

Р. М. Ұзақова қарудың «хабар алу мотивімен» байланыстырады. «Ақ кіреуке – көбенің арамға былғануы, алтын балдақты алдаспанның қобдиша ішінде тотығуы, алмас қылыштың қынға жерленуі – батырдан жан шыққандығының тұспалы. Өлікті жөнелту кезінде қаруға сүйеніп тұру, қарудың басын төмен қарту батырдың басына түскен ауыр күйді бейнелейді», – дейді [6, 15 б.].

Қазақ эпосында батырлар қылыштарының жүзін қанға, уға, зәрге суару мотиві кездеседі. Мұндай қылыштан жарақат алған адам өлмей қалмайды екен.

Қ.С. Ахметжанов: «Суаруы қанық, жақсы соғылған алмас қылыштардың жүзіне қан жұқпай, қуарып тұратын болған», – дейді [8, 21 б.]. Мұны Р.М. Ұзақова «қаруды қанға суару мотиві» деп атап, былай дейді: «Бұл – қазақ фольклорында сюжеттік көрініс ретінде сақталған мотивтердің бірі. Қанның қуат бергіштік, өмірлік мәні үлкен ғұрыптарға негіз болған. Қаруды қанға малудың мәні қарудың рух-иелерін қанға тойдыруды бейнелейді» [6, 15 б.]. Алмас қылышты қанға суару мотиві «Ер Қосай» жырында да кездеседі.

Қазақтардың түркі атанған арғы заманнан бергі негізгі ату қаруларының бірі – жақ деп аталған. Ол ағаш, сүйек, мүйіз, қайың қабығы (тоз), сіңір мен былғары сынды материалдардан жасалады [15]. Ол бірнеше бөліктен тұрады. Жақ – сырт түрі малдың жақ сүйегіне ұқсас, оғы алысқа ұшатын, көлемі садақтан үлкен және серпер ағашы жуан, садақша иілген тұсы сірі таспамен

орап қапталған соғыс қаруы. Оғын уығы деп атайды. Оны «жай» (найзағай) деп атап, ерекше қастерлейді.

Оқ саптарының түрі мен түсіне қарай «қу жебе», «қайың оқ», «тобылғы сапты оқ», «қамыс сапты оқ» деген атаулары болады. Жебеге қадалған қауырсынға байланысты «екі қанатты», «төрт қанатты жебе», «сары жүн оқ», «күшіген жүнді оқ», «қауырсын жебе» және «үкілі оқ» деп аталады.

Қарға жүнді қамыс оқ,
Шаш етекпен тиіпті.
Садақ толы сар жебе,
Жүні ұшып кетіпті,
Оны жөндей келеді [13, 126 б.].

Жебе қырларына қарай, жасалған материалы мен жасалу әдісіне қарай түр-түрге бөлінеді.

Алты қырлы ақ жебе,
Шыққан жерің қу төбе.
Кесіп алған жерінде,
Қырық ай жатқан қуарып,
Қырық қара нар майына,
Алып едім суарып [14, 128 б.].

Этимологиялық тұрғыдан алғанда «жебе» атауы алғашқыда темірден жасалған қару-жарақ бөліктерінің атауы болып, «бөлік тұтасты ауыстырады» принципі бойынша қару-жарақтың кейбір түрлерінің, өз атауына айналып, кейін оларды сақтайтын қойманы, оларды жасайтын, қолданатын адамдардың атауын жасауға негіз болған. Атаудың бұлай өзгеріп отыруын қазақ тілінде «берен» сөзінің қолданылуынан көруге болады. «Берен» асыл болаттың қазақ тіліндегі бір атауы, сондықтан бұл сөз осы материалдан жасалған қару-жарақтардың атауына «берен қылыш», «берен мылтық», «берен сауыт» атауларында қосылып айтылып, кейін олардың өз атауының орнын ауыстырды және қазақ ауыз әдебиетінде осы қаруларды ұстаушы, батыр адамның да теңеуі, эпитеті ретінде қолданылады [16].

Сондай-ақ садақ, жебе түркі халықтарының өмірінде маңызды рөл атқарды, сол себепті бұлар көп жағдайда халық ауыз әдебиетінде символдық белгіге айналып, батырдың күш-қуатын танытатын қару болып танылады. Жырда Ер Көкше батырдың соғыста опат болуы жебе оғының бұзылуынан да көрінеді.

Садақ толған сар жебе
Жүні ұшып кетіпті немесе
Садақ толған сар жебе
Жүні ұшар оқ па еді? [13, 89 б.]

Қазақтар бұрыннан қырық санын киелі санағаны белгілі. Халқымыздың ауыз әдебиетінде қылышты, жебені қырық ай бойы қырық нар майымен сылау, қырық шілтенге сиыну, қасына қырық нөкер ертіп жүру, соғыста қолданатын қару-жарақтарын арнайы өзіне арнап қырық ұстаға соқтыру, қырық күн кептіру, қырық түрлі сұйыққа суару сияқты жайлардың астарында үлкен шындық

жатқаны анық. Осындай бапталған құрал-саймандарының көмегімен және өзінің қаһармандық іс-әрекеттерінің арқасында батырлар жауларын жайратып, жеңіске жеткен.

Астындағы аты, қолындағы қаруы, үстіндегі сауыты сайлы болған сарбаздар ғана негізінен жеңіске жеткен. Егер аты мен бес қаруы осал болған жағдайда жауынгерлердің шайқаста жауынан мерейінің үстем болуы неғайбіл.

«Бабалар сөзінің» 44-томына енген В. В. Радлов нұсқасында Манаша Ер Көкшенің ұлы Қосайға әкесінің аты мен қару-жарағы бабында емес деген сөздермен батырдың жорықта мерт болғанын тұспалдап жеткізеді:

Сенің атаңды мен көрдім,
Табаны жазық Тарлан боз
Табаны тиіп келеді,
Оны қаға келеді.
Садақ толы сар жебе
Жүні ұшып кетіпті,
Оны жөндей келеді.
Солқылдаған ақ найза
Қисайып кетіпті,
Оны түзетіп келеді [14, 226 б.].

Манашаның астарлап айтқан сөзінен Қосай әкесінің опат болғанын ұғынып былай дейді:

Е, ағалар, ағалар,
Ақсақалды бабалар!
Табаны жазық Тарлан боз
Табаны таяр ат па еді?
Садақ толы сар жебе
Жүні ұшар оқ па еді?
Солқылдаған ақ найза
Қисаяр ағаш па еді? [13, 221 б.].

Әдетте қазақтар соғыс қаруын айрықша қастерлеген. Қаруды кім болса сол асынбаған. Орта ғасырларда семсер немесе алдаспан қылыш биліктің белгісі саналып, таққа отырған билеушіге табысталып отыратын. Қазақтар хан көтерген кезде билік пен хандықтың белгісі ретінде белдігіне алтын қылыш тағыпты. Жоғарыда аты аталған бес түрлі қару әскери биліктің белгісі саналып, әскери шен қарумен белгілеген. Қызметке тағайындалған кезде әскербасыларға қыл-құйрық немесе мойшақ тағылған найза, қылыш немесе күрзі тарту етілді. Қару асыну құқына ие болған адамдарға белгілі бір артықшылықтар да берілген. Мысалы, Тәуке ханның «Жеті жарғы» заңы бойынша хан кеңесіне қару асынған хандар, сұлтандар, батырлар мен ру басылары ғана қатыса алатын. Ал, жиын-тойда, мерекеде асынатын қару-жарақ әскери награда қызметін атқарды. Әскери шен-шекпенді дәстүрлі ас пен мерекелер кезінде өткізілетін жарыстарда бәйгеге тігіп отырған.

Сол жаужүрек бабалардың бүгінгі ұрпағы да қазақтың бес қаруына үлкен құрметпен қарайды. Арамызда әлі күнге дейін даңқты бабаларынан қалған қаруды қастерлеп, төріне іліп қоятын қазақтар аз емес.

Қазақтар соғыс қаруын пайдалану шеберлігін жан-жақты меңгерді. Батырлар жекпе-жегі ермек үшін емес, олардың қару ұстау шеберлігін, күші мен ерлігін айқындау үшін өткізіліп отырды. Жекпе-жекте міндетті түрде қару қолданылды. Көшпенділер жауынгерлері де қазіргі кездегі сияқты ұстаған қаруына қарай бірнеше топқа бөлінген. Белгілі бір қаруды жетік меңгерген жауынгерлерден найзагерлер, семсершілер, садақшылар, айбалташылар жасақтары құрылған.

Түптен таңдап алғаным

Ауыл үстінде жоқ еді.

Найзакерден арманым,

Дүниенің көрдім жалғанын [14, 187 б.]

Бес қаруды әбден меңгерген шебер батырлар ең үздік гвардия бөлімшелеріне алынған. Көшпенділердің соғыстағы әскери тактикалары да осы бес қаруды пайдалану ерекшеліктеріне негізделді. Әдетте, соғыс алыс қашықтықта тұрып садақтан оқ атудан басталған. Атты әскер найзаны жаппай шабуыл кезінде қолданған. Кейін арадағы қашықтық жақындаған кезде қарудың өзге түрлеріне көшкен.

Ер Қосайдың ата жауы Тасболатпен шайқасында екеуінің қару қолдануы былайша баяндалады:

Екеуі найзаласады,

Ол да найза салады,

Бұл да найза салады.

Екеуінің найзасы,

Қармақ болып қалады.

Найза қанға майысты,

Қылыш қанға қайысты.

Ол да салды шеңгелді,

Бұл да салды шеңгелді.

Екеуінің қайраты,

Бір-біріне тең келді.

Екеуі киген ақ сауыт,

Байрақтай дыр-дыр жыртылды,

Қалмақты аттан төндірді,

Шұбар аттың үстінен,

Сауырына міндірді.

Сегіз жасар ер Қосай,

Балықтай түйреп түсірді [14, 109 б.]

Салт-дәстүрлерімізде қалыптасқан түрлі ырымдарында да қару-жарақ жоралғылық құрал қызметін атқарады. Қазақтарда неке кию рәсімінде ат жалының қылдары байланған садақ оғы қолданылған. XIX ғасырдың ортасына

дейін ұзатылған қыздың жасауының құрамына да ең бағалы зат ретінде қымбат қару-жарақ түрлері енген.

Көшпелі халықтарда қаруға табыну жерлеу ғұрпымен тығыз байланысты болып, ер қаруы жерлеу құралдарына кіретін негізгі заттың бірі болатын. ХҮІІІ-ХІХ ғасырларға дейін қазақтар да мәйітпен бірге оның қару-жарағын жерлеген. Адам өлгенде қазақтар найзаға қаралы ту тағып, шаңырақтан шығарып қоятын болған, адам жерленгеннен кейін «найза сындыру» ғұрпы атқарылған. Сондай-ақ иесі дүниеден өткен кейін қаруды ұстауға лайық ер табылмаса, кейін оны отқа өртеген немесе көмген.

Қорамса менен қылышты

Сандыққа алып салады.

«Сені ұстайтын ер қайда?!» деп,

Бәрін жиып алады,

Отқа әкеп салады [13, 97 б.].

Көшпелі халықтың көнеден келе жатқан ант беру салтында да қару жоралғылық қызмет атқарды. Анттасқанда қан араласқан шарап құйылған ыдысқа семсер, жебе, айбалта және найза батырып, сол шарапты ішу батыстағы скифтерде, шығыста мекен еткен ежелгі ғұндарда да болған. Қазақ хандығын құраған ру-тайпаларда да бұл ырым ертеден кең тараған болатын. Қазақтарда да құда немесе анда болған адамдар қан құйылған ыдысқа семсерді, жебені малып, куәгерлердің алдында қылышты не қанжарды сүйіп ант беретін. Қ.С. Ахметжанов бұл жөнінде: «Бар өмірі соғыста өтетін батырлардың бас амандығы, қауіпсіздігі қару-жарақпен байланысты болғандықтан және де әскерилерді басқа қоғамдық жіктерден ерекшелейтін де осы қару ұстануы болған соң, батырлар сословиесінің көптеген діни нанымдары, ырым, салттары қаруға қатысты. Ерте кездерде батырлардың қаруы өзіне арналып соқтырып, оны жасағанда түрлі магиялық ырымдар істеліп, уақыт, зат мөлшерін анықтауда киелі сандарды қолданған» [8, 26 б.]. Батырлар жырында қырық ұстаға соқтыру, қырық күн кептіру, т.б. киелі санмен байланыстырылған рәсімдер жасалғанын және шайқасқа аттанар алдында батырлар қару-жарақтарымен серттесетінін байқаймыз.

Алты қырлы ақ жебе,

Шыққан жерің қу төбе,

Кесіп алған жерінде

Қырық ай жатқан қуарып,

Қырық қара нар майына

Алып едім суарып [14, 107 б.]

Атамнан қалған зұлпықар

Бабамнан қалған зұлпықар,

Шаба алмасам, маған серт!

Шапқанымашыдамай,

Балдақтан кетсең, саған серт! [14, 136 б.]

Үстімдегі ақ сауыт,
Ақ кіреуке, бек сауыт,
Сені соққан ер Дәуіт!
Қылыштың қайқы жүзіне,
Зеңбіректің оғына,
Қайда қалың шоғына,
Кәпірдің қалың тобына
Сүңгімесем, маған серт!
Оқ дарытсаң, саған серт! [14, 137 б.]

Қазақтар бұрыннан қырық санын киелі санағаны белгілі. Халқымыздың ауыз әдебиетінде қылышты, жебені қырық ай бойы қырық нар майымен сылау, қырық шілтенге сиыну, қасына қырық нөкер ертіп жүру, соғыста қолданатын қару-жарақтарын арнайы өзіне арнап қырық ұстаға соқтыру, қырық күн кептіру, қырық түрлі сұйыққа суару сияқты жайлардың астарында үлкен шындық жатқаны анық.

Қорытындылай келе, жоғарыда келтірілген жыр мәтіндерінен байқағанымыздай қазақ халқы батырлар ұстаған қару-жарақтарды ерекше қадір тұтып, оны киелі санаған. Қару-жарақтардың ерекше магиялық қасиеті болғанына сенген. Мұның ізін біз қазақтың қару-жараққа байланысты туындаған салт-дәстүр мен ырым, жоралғылардан көре аламыз. Тіпті қару-жарақты баптап дайындаған ұсталардың өздерін де ерекше қасиет бар деп, олардың қолдарынан шыққан қару-жарақтардың сиқырлы күшіне сенген. Батырлардың айқас алдында қару-жарақпен серттесуі, қарудың жаны бар деп сенуі, оның батырға ерекше күш-қуат дарытуы қазақтың қару-жараққа қатысты ежелгі дүниетанымымен тығыз байланысты. Қару-жарақ түрлерінің қызметі, қолданылуы батырлардың қорғаныс құралдары ғана емес, сонымен қазақ халқының салт-дәстүр, тұрмыс-тіршілігімен тығыз байланысты екендігін анықтадық. Сондай-ақ қару-жарақ арқылы батыр бабаларымыз өз елін, жерін қорғап, олардың ерлік істері жырмен айшықталып, кейінгі ұрпаққа жеткізіліп отырған. Осындай бапталған құрал-саймандарының көмегімен және өздерінің қаһармандық іс-әрекеттерінің арқасында қазақ батырлары жауларын жайратып, жеңіске жеткен.

2 Батырлар жырындағы қару-жарақ атауларының лингвомәдени сипаты

2.1 «Ер Көкше», «Ер Қосай» жырларының зерттелуі

Қазақтың әскери қару-жарағы жайында сөз қозғағанда есімізге бірден батырлар жыры, басты кейіпкері – батыр, тақырыбы – олардың жауынгерлік өмірі мен ерліктері болатын фольклорлық шығармалар еске түсетіні белгілі. Солардың ішінде батырлар жырының алатын орны ерекше. Қиын-қыстау заманда жаужүрек батырларымыздың ерлік істері жырмен айшықталып, кейінгі ұрпаққа жеткізіліп отырған. Соның бірі- «Ер Көкше», «Ер Қосай» жыры.

«Ер Көкше» – тарихи жыр. Дастанның бірнеше нұсқасы бар.

В.В. Радлов пен Мәшһүр Жүсіп Көпеев нұсқаларында ертеректе Ертіс бойынан жазылып алынған. Жырда Ер Көкше мен Ер Қосай батырлардың елін сыртқы жаулардан қорғау жолындағы ерлігі дәріптеледі. Одан басқа Каспий өңірінде Мұрын жырау, Сырдария өзені, Арал теңізі бойында Хангелді Асайын, Бисен Сарманов айтқан нұсқалары хатқа түсірілген. Ақын К.Көшкіншіұлы жырлаған нұсқасы Түркістан маңына кеңінен мәлім.

Жалпы, Каспий өңірінен Түркістан аймағына дейін тараған нұсқасында Орманбет хан өліп, он сан ноғай жұрты бөлінген кездегі Көкше батыр ерлігі суреттеледі. Бұл жырдың Мұрын жырау жырлаған нұсқасы жарық көрген (1990) [17].

«Ер Қосай» – Ер Көкше батырдың баласы Ер Қосай туралы жыр. Сюжетіне қиял-ғажайып сипаттар араласып отырғанымен, жырда негізінен тарихи оқиғалар қамтылған. Жоңғарлардың қазақ даласына шабуылы 17 ғасырда басталады, яғни жырдағы қалмақтармен соғыс оқиғалары осы кезден кейін қосылған сияқты. Жырдың бірнеше нұсқасы бар: а) В.В.Радлов қазақ тілінде бастырып шығарған «Ер Көкше» жырында, көбінесе қара сөз араласып келеді и Джунгарской степи», СПб., 1870) Осы еңбектің үшінші томындағы «Ер Көкше» жыры, негізінен, Ер Көкше батырдың баласы Ер Қосай ерліктерін баяндайды; ә) «Ер Көкше және оның баласы Ер Қосай» деп аталатын нұсқаны Г.Н.Потанин орыс тілінде жариялады («Казах-киргизские и алтайские предания, легенды и сказки», «Живая старина», в. II–III, 1918). Бұл екі нұсқаның мазмұнының бір-бірінен аздаған өзгешелігі бар және Потанин нұсқасы көлемі жағынан шағындау. Бұлардан басқа Асайын Хангелдин, Мәшһүр Жүсіп Көпеев нұсқалары сақталған. Жырдың барлығының мазмұны ұқсас, негізгі тақырыбы – Отан қорғау, идеясы – ел бірлігін сақтау [18].

Мұрын жырау жырлаған «Көкше батырдың ұлы Ер Қосай» кейіпкерлерінің есімдері «Ер Қосай» жырына ұқсас болғанмен, баяндалатын оқиға мүлде бөлек. «Ер Қосай» дастанының әр жылдары жиналған 7-8 нұсқасы Алматы қаласындағы Орталық ғылыми кітапхананың Қолжазбалар қорында сақтаулы.

Ш.Ш.Уәлиханов «Қазақтың халық поэзиясының түрлері» атты мақаласында (1858) Көкшетау округіндегі Қойлы-Атығай болысының қазағы Арыстанбайдың орындауында «Ер Көкше–Ер Қосай» жырын естігенін айта

келіп, жазып алмағанына өкініш білдіреді және дастанды жоғары бағалайды. Қырғыздың «Манас» эпосында Көкше есімі кездеседі. Бұл «Ер Қосай» жырының халыққа ертеден белгілі екенін, сондай-ақ көрші елдердің бір-бірімен достық қарым-қатынаста болғанын дәлелдейді [19].

Шоқан Уәлиханов ноғайлы дәуірінен қалған жырларды жинағанда да көбіне тарихи адамдардың атымен байланысты, тарихи негізі бар әңгіме-жырларға көбірек көңіл бөлді. «Маған, – дейді Шоқан Уәлиханов, – қазақтардың арасында тағы бір-екі жыр мәлім. Біреуі «Ер Көкше мен Ер Қосай» деп аталады. Ол жырда уақ руынан шыққан Ер Көкше мен оның баласы Ер Қосайдың күшті ру қыпшаққа қарсы соғыстардағы ерліктері суреттеледі. Бұл жырдың тарихи жағынан қызықты еш нәрсесі де жоқ, онда қатысушы қаһармандарының аттары да бізге мәлім емес, бірақ өлеңдері көркем, дыбыс әуезділігі күшті, жыр уақиғасы басынан аяғына дейін қызықтырып отырады, әсіресе көңіл аударарлық бір жері, бірінші бөлімінде бас қаһарманы жеңіліске ұшырап, жаралы халде жау қолынан өлуі деуге болады. Соңынан Көкшенің ұлы Ер Қосай қыпшақтардан әкесінің кегін алады. Бұл жырда өткен дәуірдегі дала жауынгерлерінің барлық стратегиясы мен тактикалары толық баяндалады, жырдың қызықтырарлық жағы деп осыны ғана айтуға болатын сықылды...» [19, 376 б.].

Ал Әлкей Марғұлан «Ежелгі жыр-аңыздар» атты ғылыми еңбегінде

Ш. Уәлихановтың пікірлеріне сыни көзқараспен зер салып, былай дейді: «Ер Көкше мен Ер Қосай туралы Шоқан біріне-бірі қиғаш келетін екі түрлі пікір айтқан. Бірінші пікірінде жас талым Ер Көкше мен Ер Қосайды: «Алтын Орда заманының батырлары және солардың ерлік жырында айтылатын батырлар», – деп анықтайды. Шоқанның ойынша, Ер Көкше – Одоев қаласына жорық жасап, Никон шежіресінде жазылған Көкше батырдың өзі. Бірақ тарих бетіне тереңірек көз салсақ, Никон шежіресінде айтылған Көкше батыр Ер Көкшеден бүтіндей басқа, ол – Жошы ханның немересі, Бөрікешердің баласы Көкше ұлан. Ол туралы «Тауарих нусрет намеден» көруге болады. Шоқан айтқан Эр-Күша XV ғасырдың басында, Едіге мен Тоқтамыс хан балалары соғысқанда, Жайық бойында оққа ұшады. Бірақ бұл Эр Күшаны Ер Қосай деп айту өте қиын, өйткені Ер Қосай – XV ғасырдың адамы емес, одан көп заман бұрын болған кісі; екінші, Ер Қосай – Едіге сияқты тарихта атақты кісінің бірі. Егер ол XV ғасырда болса, ол туралы араб, парсы, Орта Азия мұсаннафтары көбірек жазған болар еді; оларда Ер Қосай мен Ер Көкшенің атын атау бүтіндей кездеспейді. Бұл екі алып туралы ең қымбатты дерек – Уақ тайпасы айтатын қазақ халқының шежіресі. Шоқан осы деректі бетке ұстап, Ер Көкше мен Ер Қосайды «қыпшақ заманында шыққан басқа бір жеке поэманың батырлары» деп анықтайды. «Қазақтар ортасында, – дейді Шоқан, – «Ер Көкше», «Ер Қосай» деп айтылатын маған белгілі екі жыр бар. Онда суреттелетін Уақ тайпасының көксілдері – Ер Көкше мен оның баласы Ер Қосай; олардың жауласқан елі –қыпшақ тайпасы». Осылай дұрыс айтып келіп, Шоқан кешірілмес үлкен жаңылысқа түседі: «Жырдың тарихи мәні жоқ, кісі аттары белгісіз», – деп асығыс ой қорытады. Бірақ анығында, Ер Көкше мен Ер Қосай

қазақ эпосында аса даңқты батырлардың қатарында айтылады; олардың аты қазақ шежіресінде, қазақ жырында «белгісіз» деу – зор қателік. Айтқан жаңылысумен бірге Шоқан «Ер Көкше мен Ер Қосай» жырының көркемдік қасиетіне ерекше көңіл бөледі. «Оның есесіне, – дейді Шоқан, – жырдың айтылу сарыны аса күшті, адам оны тындауға жалықпайды. Жырдың күшті болуы: оның батыры Ер Көкше жау қолында жараланып өледі. Баласы Ер Қосай жаудан кек алу жолына түседі. Жыр ежелгі дәуірлердегі соғыста қолданылған жауынгерлік әдісті кеңінен толық суреттейді. Маған бұл жырды айтқан – Арыстанбай ақын» [20].

Көрнекті ғалым Ханғали Сүйіншәлиев «Ер Сайын», «Ер Көкше», «Ер Қосай» жырларын эпос қып жырлаған Сыпыра деп біледі [21].

Қазіргі кезде Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың бастамасымен жасалған «Әдеби мұра» мемлекеттік бағдарламасы бойынша жүз томдық «Бабалар сөзінің» жинағы шығарылып, көпшіліктің игілігіне айналды. Бірегей басылым халықтың рухани мәдениетінің толыққанды сипатын танытуға, қазақтардың өткені мен бүгінін дәл, жүйелі тұтастықта қабылдауға мүмкіндік береді.

Ер Көкше жыры (В.В. Радловтың нұсқасы) мен Ер Қосай жыры (А. Хангелдин нұсқасы) «Бабалар сөзінің» 44-томына енгізілген, ал «Көкше батыр» мен «Көкшенің ұлы Ер Қосай» жырлары жинақтың 51-томына кірген.

Қорытындылай келе, туындылардың қайсысы болса да тарихи, әдеби құндылығымен қатар жоғары ғылыми және ағартушылық мәнге ие. Осындай өзіндік ерекшелігімен қазақ мәдениетінің әлемдік рухани-интеллектуалды, көркем және ғылыми процесс интеграциясына енуіне оң ықпал етеді.

2.2 Жырларда қолданылатын қару түрлері

Ежелгі бабаларымыздың дәстүрлі қару-жарақ жүйесі шабуыл мен қорғаныс қаруының бірнеше түрі мен топтарынан құралған. Түркілердің қару-жарақтар түрлері, олардың қосымша элементтерінің атауы өзге түркі тілдес халықтардікіне ұқсас болып келеді. Бұл осы жүйенің барлық түркітілдес халықтар үшін ортақ болғанын және оның түркі дәуірінде қалыптаса бастағанын білдіреді. Көшпенділердің қорғаныс қаруы да осы дәуірде пайда болды.

Қазақтың аңыз-дастандарында жауынгерлер қауымы өкілдері – батырлар қолданған бес түрлі қару туралы жиі сөз болады. Қазақ жауынгерлері қару-жарақты бес түрге топтастырып, оларды «Ер қаруы – бес қару» деп жалпылама атаған. Қазақтардың бесқаруы: қамшы (дойыр), сойыл, шокпар, найза, жақ (садақ). «Ер қаруы – бес қару». Сойылдың орнына қылыш немесе айбалта да асынған. Олар өзіндік ерекшелігіне байланысты: ату, кесу, шабу, түйреу және соғу қаруы делініп, бес түрге бөлінген.

Ер Көкшенің жанына ерген жолдастарының батырлық тұлғалары жырда қару-жарағымен бірге суреттеледі:

Жиналған өңкей батырлар

Қолдарында болат асыл бар,
Үстерінде кілең көк темір,
Ақ сүңгі, найза өңгерген,
Азын көпке теңгерген [13, 219 б.].

Жыр жолдарындағы «қолдарында болат асыл» дегені алмас қылыш болса керек. Алмас қылыш- соғыс қаруы. Болаттың ең асылынан соғылады. Қазақ батырлары асынған бес қарудың бірі. Жырда «болат» сөзі бірнеше мәрте кездеседі.

Қайтпас қара болат іреңкі,
Бала батыр Жаңбыршы
Қуып жетті мың кісі [14, 86 б.].

Суырып алды болатты,
Сілтеген жерді қанатты [14, 103 б.].

«Болат» сөзі араб-парсы тілінен ауысқан көрінеді. «Болат» -шыныққан құрыштың атауы. Біздің тіліміздегі төл атауы «алмас» деп аталады.

Қан төгіліп қойнына,
Алмас тиіп мойнына,
Талайы аттан жығылды [13, 250 б.].

Көкірегі өскен ер екен,
Алтын сапты *алмаспен*
Көкірегін жарайын,
Көңілін бүйтіп табайын [13, 223 б.].

Жырда Ер Көкшенің болат қылышының мұқалуы қайғылы оқиғаны білдіретін тұсы кездеседі. Қаруды аса қастерлеп оның жаны бар деп есептелуі жайында С.А. Ахметжанов былай дейді: «Қаруды жанды санап, оған мадақ айтылып, айқасқа кірер алдында батырлар қаруларымен серттесетін» немесе «Батырдың жаны мен қарудың өзара байланысы бар деген сенімнен туған болу керек, кейде батыр оның қарулары сындырылып, арнайы жерлендіру ырымы да бар», – дейді [8, 26 б.].

Аз-ақ қалды қайратым,
Сиынғаным – болатым [14, 108 б.].

Қосай сонда ақырды:
– Тоқта, тоқта, жүз қатын,
Қырқылған шығар қанатым,
Мұқалған шығар болатым. [14, 110 б.]

Соңғы жыр жолдарынан қаруының мұқалуы батырдың опат болғанын білдіргенін байқаймыз. Қарудың бұзылуы, түр-түсінен айырылуын ғалым

Р. М.Ұзақова қарудың «хабар алу мотивімен» байланыстырады. «Ақ кіреуке – көбенің арамға былғануы, алтын балдақты алдаспанның қобдиша ішінде тотығуы, алмас қылыштың қынға жерленуі – батырдан жан шыққандығының тұспалы. Өлікті жөнелту кезінде қаруға сүйеніп тұру, қарудың

басын төмен қарату батырдың басына түскен ауыр күйді бейнелейді»,– дейді [6, 15 б.].

Алмас қылыш – соғыс қаруы. Болаттың ең асылынан соғылады.

Кейбір қылыштар шапқанда ауыр болу үшін басы үлкейтіліп, жалпақ қылып жасалған және ұшының сыртында шығыңқы тұрған жотасы болған. Оны «жалман» деп атаған. Жыраулар шығармаларында мұндай ауыр қылыштар «алдаспан» деп аталады. Қазақ батырлары қылыштың бұл түрін өте жоғары бағалаған. Ал, қылыш, семсер салатын бұйым «қынап» деп аталады. Оны асынып жүруге арналған бауды «қылыш бау» деп атайды. Қынап ағаштан жасалып, былғарымен немесе барқытпен қапталған. Металмен әшекейленіп, алтын, күміс және асыл тастар қондырылған. Кейбір қынаптар таза металмен қапталған [15, 15 б.].

Қылыш, негізінен, атты әскер қаруы болып саналады. Біздің заманымыздан бұрынғы екі мың жылдықта қылышты әр елдің әскері қолданған. Болат қорыту ісі игерілген соң Орта Азияның көшпелі елдерінде, Шығыс Еуропада VIII ғасырда болаттан жасалған қылыштар пайда болды.

С.А. Ахметжанов болат қарудың түр- түсіне байланысты қолданылатын сөздердің мағынасына тоқталып: «Осы жерде қарауға қатысты қолданылатын, болаттың асылдығының әр түрлі дәрежесін көрсететін «қызыл», «ақ», «көк», «сұр» сөздерінің мағыналарына тоқтала кету қажет. Алмас болаттардан жасалған қарулар соғылуына қарай көкшіл, ақ, қызыл түсті реңк қабылдайды. Ең асылы қызыл алмас (болат), одан кейін ақ алмас (болат), сосын көк болат саналады. Сұр – темірдің өз түсі. Сондықтан осындай алмастан соғылған өткір қылыштар да «ақ алмас», не «қызыл алмас» деп аталған» [8, 76 б.]. «Ер Көкше» жырындағы «Қайтпас қара болат іреңкі» деген сөйлем кездеседі. Алмастың кез келгені өткірлігімен ерекшеленетіндіктен, осындағы «қайтпас қара болат» сөз тіркесі де қарудың күштілігін, асқан өткірлігін білдіреді деп есептеуге болады.

1861 жылы Златоуста орыс инженері Аносов қазақтардың ертеде пайдаланылған алмас қылыштарының өте өткір болуының бір сыры суару тәсілінде, болатты салқын күйде соғуында екенін анықтап, сондай алмас қылыштарды орыс жауынгерлеріне жасатқан [22]. Алмас қылыштың қиып түсетіндей аса өткірлігін жырдың мына тұстарынан да көрінеді.

Қосайдайын еріңіз

«Аллалап» ұран шақырды.

Жапырғанда көп қалмақ,

Көк балдақтан еріңіз

Қылышты сонда суырды,

Апшысын жаудың қуырды,

Қалмақ жаман қысылды.

Қысылған уағында

Қан төгіліп қойнына,

Алмас тиіп мойнына,

Талайы аттан жығылды [14, 122 б.].

Сонымен қатар асыл қылышты батырлар «зұлпықар» деп те атаған екен. «Ер Көкше», «Ер Қосай» жырларында «зұлпықар» қылышты батырлардың қолданылуы бірнеше рет кездеседі.

Қол сілтеді жамбасқа
Жанындағы *зұлпықар*,
Сілтесе жан қалмас па?! [14, 103 б.]

Атамнан қалған *зұлпықар*,
Бабамнан қалған зұлпықар,
Шаба алмасам, маған серт! [14, 136 б.]
Қолындағы *зұлпықар*
Сексен екі бас кесті [14, 137 б.]

«Зұлпықар» сөзі араб тілінен енген. Ислам дінінің сенімі бойынша қасиетті қылыштардың бірі болып саналады. «Хазрет Әлінің аты аңызға айналған екі басты қылышы. Оны кезінде Мұхаммед пайғамбар ғалайһиссалам ұстаған, кейін күйеу баласы Әзірет Әліге қалған. Аңыз бойынша Зұлпықар жанаттан түскен төрт қасиетті қылыштың бірі» [8, 76 б.]. Әзірет Әлі қылышты «зұлпықар» деп арнайы атаған көрінеді. Бұған дәлел ретінде ғалым М. Әбдуов былай дейді: «Жырлардағы Әлидің бейнесін ерекшелейтін тағы бір көрініс – оның айқасқа шыққанда қолданылатын қылыштарына арнайы ат қойылуы. Олар: қамқам, самсам, зұлпықар. Осылардың арасында айбаттысы да, көп жұмсалатыны да және Әлидің қатты қауарланғанын байқататын да зұлпықары» [23].

Қазақ эпосында батырлар қылыштарының жүзін қанға, уға, зәрге суару мотиві кездеседі. Мұндай қылыштан жарақат алған адам өлмей қалмайды екен.

Қ.С. Ахметжанов: «Суаруы қанық, жақсы соғылған алмас қылыштардың жүзіне қан жұқпай, қуарып тұратын болған», – дейді [8, 115 б.]. Мұны Р.М. Ұзақова «қаруды қанға суару мотиві» деп атап, былай дейді: «Бұл – қазақ фольклорында сюжеттік көрініс ретінде сақталған мотивтердің бірі. Қанның қуат бергіштік, өмірлік мәні үлкен ғұрыптарға негіз болған. Қаруды қанға малудың мәні қарудың рух-иелерін қанға тойдыруды бейнелейді» [6, 13 б.]. Алмас қылышты қанға суару мотиві «Ер Қосай» жырында да кездеседі.

Шүберектей қуарған,
Айдаһардың қанына
Жан қалмас деп суарған [14, 106 б.].

«Ер Көкше», «Ер Қосай» жырларында «найза» сөзінің қолданылуы көптеп кездеседі. Найза- жырда кең түрде кездесетін түйреу құралы. Талдауға алынып отырған жырда «Ақ найза», «найза», «қарағай найза», «шашақты болат найза» түрлері бар.

Солқылдаған *ақ найза*
Қисайып кетіпті,
Оны түзетіп келеді. [14, 89 б.]

Батыр болған ер жігіт

Қарағай найза таянды. [14, 121 б.]

О да *найза* салады,
Бұ да *найза* салады.
Екеуінің *найзасы*
Қармақ болып қалады. [14, 133 б.]

Қайнастайын кәпірді
Шашақты болат найзамен
Ақ сауыттың сыртынан
Ажал оқты тұсы деп,
Өлер жері осы деп
Батыр Көкше шаншыды. [13, 225 б.]

Батырлардың кесу қаруына жоғарыда айтылған қылышпен қатар *семсер* де жатады. «Семсер» сөзі қай тілден шыққандығы туралы нақты деректер жоқ. Дегенмен түркі тілдес халықтарда «семсер» сөзінің кездесуі оның осы тілдер тобына жататындығын дәлелдейді. Т. Байжанов «История военной лексики» атты еңбегінде: «Арабские и иранские заимствования могут быть дифференцированы по степени освоенности и частоте употребления в заимствуемом языке. Такие издавна бытующие в словарном составе языка слова, как *найза*, *семсер*, *дұшпан*... настолько освоены казахским языком, что их иноязычное происхождение почти не ощущается», – дейді [24]. Бұдан «семсер» сөзінің араб не иран тілінен шыққан сөз екендігін жорамалдауға болады. Сондай-ақ ғалым Т. Байжанов араб-иран тілдерінен енген кейбір сөздердің қазақ тілінде синонимдік қатары бар екендігін де айта кетеді. Солардың қатарына қылыштың синонимі ретінде «семсер» де жатқызылады. «Семсер» сөзі «Ер Қосай» жырында да кездеседі.

Ақ *семсері* жарқылдап,
Қашқанды сонда қуады,
Қашқанға да мүшкіл туады. [13, 246 б.]

Кесу құралының тағы бір түрі – *қанжар*. Алайда Қ.С. Ахметжанов қанжарды батырлардың қосымша құралдарына жатқызады. «Қанжар» араб тілінен енген сөз. Бұл туралы Т. Байжанов «История военной лексики» атты еңбегінде жазып былай дейді: «Многие арабизмы и иранизмы прочно закрепившиеся а казахском языке и ставшие его органической составной частью, подверглись значительным фонетическим изменениям: *әмір-әмр*, *балуан-паһлеван*, *қанжар-ханжард*» [24, 37 б.]. «Ер Көкше» жырында қанжардың қолданылуы төмендегідей беріледі:

Өгіздейін өкіріп
Көкше түсіп атынан,
Өңешке қанжар тығады. [13, 225 б.]

Жайнастайын кәпірдің
Желкесіне тұра мінеді.

Алтын сапты қанжармен
Тамағынан тіледі. [13, 226 б.]

Түйреу қаруы қазақ батырларында екі түрлі. Біреуі-найза, ал екіншісі-сүңгі. Бұлардың айырмашылығы жасалынған формасында болса керек. Найзаның ұшы жалпақ болып келеледі де, ұшы қырлы ұзын қылыш «сүңгі» деп аталынады екен. «*Найза* – қадалғыш, лақтырмалы қару. Ол палеолит дәуірінде пайда болып, 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісіне дейін қолданылды. Найзаның әскери қару ретінде кең тараған кезі – темір ғасыры. Қазақ батырлары мен жауынгерлерінің де қаруы шашақты, темірден үшкір ұшы бар, ұзын найза болды» [12]. Бұдан басқа найзаның атпа найза және аша найза деген найзаның ежелгі түрлері бар көрінеді. Атпа найза аңшылық, соғыс құралы болып саналады. Ол қарапайым найзаға қарағанда жеңіл әрі қысқа болған. Мұндай найзаны батырлар садаққа салып атқан. Бұл найза тіпті садақтың шығуына негіз болған көрінеді. Ал аша найза болса болаттан екі айыр етіп соғылып, қарсы шыққан жауды шаншып, аттан құлату үшін қолданылған екен. Найзаның жасалау тәсілі туралы Ш. Уәлихановтың «Вооружение киргиз в древние времена и их военные доспехи» атты еңбегінде жақсы сипатталып: «Копье из соснового дерева длиною (150-195 см.) и (3,5см) толщины. Железный наконечник был трехгранный. В том месте, где вставлялся наконечник, делали кисть из черного шелку или из конского полоса. В конце копье имело петлю для ношения», – делінген [4, 36 б.].

Найзаның қолданылуы батырлар жырында төмендегідей беріледі.

Сол уақыттары болғанда,
Арыстан батыр толғанды,
Көк найзасын қолға алды [25].

Көбеннің жүр қоңында
Хореннің салған найзасы,
Сүйекке де дарыпты [25, 281 б.].

Қарғылы тазы ерітіп,
Ақсұңқарын қондырып,
Ақ найзасын қолына ап,
Қарап жүрді қыдырып [13, 385 б.].

Ғалым Т. Байжанов найза лексемасының тілдік табиғатын түркі тілдері негізінде түсіндіруге тырысады [24, 12 б.]. Оны найзағай немесе нажағай сөзінің гомогенділігімен немесе заттың атқаратын қызметіне байланысты түсіндіреді, яғни найза салу, найза тығу, найза шаншу, т.б. Бұлардың барлығы түйреу, тесу іс-әрекеттерін көрсетеді. Алайда түркі тілдеріндегі найза сөзінің бірізді қолданылмауы оның иран тілінен шыққандығымен де байланыстыруға болады. Бұны К. Юдахиннің «киргизско-русский словарь» еңбегінен де байқаймыз: «Найза ир. 1. Копье, пика; найза сал» [26].

«Ер Көкше», «Ер Қосай» жырларында кездесетін түйреу қаруының екінші түрі – сүңгі. Сүңгі батырдың бес қару түріне енеді. Сонымен қатар сүңгі орнына

найза ауыстырылып немесе найза орнына сүңгі ауыстырылып қолданған. Жырда батырлардың жауына қарсы сүңгіні қолданылуы төмендегідей сипатталады.

Жиналған өңкей батырлар
Қолдарында болат асыл бар,
Үстерінде кілең көк темір,
Ақ сүңгі, найза өңгерген. [13, 221 б.].

Алла салар ондаса,
Әулиелер қолдаса,
Ақ сүңгіні алайын,
Көкірегі өскен ер екен,
Алтын сапты алмаспен
Көкірегін жарайын,
Көңілін бүйтіп табайын [13, 223 б.].

Дулығасы шалқайып,
Айылын бір жимастан,
Тұрды батыр талтайып,
Ақ сүңгі, найза қолында [13, 225 б.].

Ақ сүңгіні қолға алып,
Ашу кернеп долданып,
Желкеліктен шаншады,
Қорылдап қалмақ құлады [13, 230 б.].

Жырда көріп отырғанымыздай «сүңгі» қаруына «ақ» сөзі бірге тіркесіп қолданылады. Бұның себебі оның асыл болаттан жасалғандығында деп тұжырымдауға болады. Бұл жөнінде Қ.С. Ахметжанов: «Алмас болаттардан жасалған қарулар соғылуына қарай көкшіл, ақ, қызыл түсті реңк қабылдайды. Ең асылы қызыл алмас, одан кейін ақ алмас (болат)... Көбіне қару атауына алмастың дәрежесін білдіретін түстің атауы ғана қосылып айтыла береді. Мысалы «ақ сүңгі», «қызыл найза», «көк жебе» деген сияқты» [8, 76 б.].

«Сүңгі» сөзінің этимологиясы мен жасалу жолы туралы ғалым А.Ж. Мұқатаеваның зерттеулерімен әбден келісуге болады. Ол «сүңгі» сөзін етістіктен жасалған есім сөздер қатарына жатқызады (сүң+гі). Құрылымы жағынан «сүңгі» сөзі түркі тілдер тобынан, ол қазақ тіліндегі –ғы, -гі, -қы, -кі өнімді жұрнақтар типі бойынша жасалған деп есептейді. Мысалы, шал+ғы, үс+кі, ұң+ғы. Мұндағы туынды түбір қатарында шал, үс, ұң етістіктері қатысады. Сонда «сүңгі» сөзінің алғашқы түпкі бөлшегі- тесу, түйреу деген сөздермен байланысты екенін анықтаймыз. Сүңгіні тілдегі «сүңгі» етістігімен- «суға сүңгу», бір нәрсенің ішіне ену деген сөзбен де салыстыруға болады. Ғалым А. Мұқатаева «сүңгі» сөзіне байланысты өз ойын әрі қарай дамытып, былай дейді: «Мы склонны также отнести к гамогенным коррелятам сүң-такие неразложимые односложные корни как сүй- в слове сүймен «лом», «кайло»,

сүйрік 1) «белый корень камыша, тростника с утончением на конце»; 2) «тонкий», острый» (о пальцах); сүйір «остроконечный»... Все это в известной степени подтверждает правомерность выделения в указанных производных образованиях корневых морфем сүй-сүң означающих «нечто пробивающееся, колющее, продолговатое с острым концом». Звуковое соответствие сүң-сүй – вполне допустимое явление в тюркских языках» [27].

«Ер Көкше», «Ер Қосай» жырларында жиі кездесетін қарудың түрі – садақ.
Қалмақ сонда долданды,
Иіннен садақ қолға алды.
Садағын о да қолға алды,
Қорамсаққа қол салды,
Қозы жауырын оқ алды.
Қалмақ ердің қасы деп,
«Өлер жерің осы» деп,
Толғап тартып қалады,
Қалмаққа оғы өтеді [13, 228 б.].

Садақты қолға ол алып,
Керіп сонда қозғалды,
Он екі тұтам оқ алды.
Масағына келтіріп,
Сонда атып қалады [13, 249 б.].
Қалмақ сансыз, бұл жалғыз
Болса да жаудан таймады.
Әр атқанда садағы
Жүз кісіден құлатты [14, 108 б.].

Ер сықылды қайратты,
Әр атқанда садағы
Мың кісіден құлатты [14, 137 б.].

«Садақ», «жай» сөздері бір-бірімен синонимдес қолданылатын сөздер болып табылады.

«Садақты мезолит дәуірінен XII ғасырға дейін, кейбір халықтар XX ғасырға дейін пайдаланып келді. Қарапайым садақты тобылғы, үйеңкі, тағы да басқа қатты ағаш шыбықтарын иіп, екі ұшын қайыспен керіп жасайды. Күрделі садақты сыртқы бетіне сіңір тартылып, ішкі жағы мүйізбен қапталып, кейде ортасы мен екі шетіне сүйек бастырма қағып әзірлейді. Күрделі садақты кең қолданылған аймағы – ежелгі Шығыс елдері. Қазір садақ тартып, мергендік сынасу – спорттың бір түрі» [28].

«Садақ» сөзінің шығу этимологиясы жөнінде ғалымдар әрқилы пікірлер айтуда. Ә.Т. Қайдаров «Доспехи и вооружение воина-батыра в казахском эпосе и их этнолингвистическое объяснение» атты мақаласында «садақ» сөзінің шығуы туралы төмендегідей жүйелі пікір айтады: «Как известно, садақ «лук» является одним из основных и наиболее древних видов оружия. Лук и стрела по

праву занимают «выдающееся место в истории культуры среди важнейших изобретений первобытного человека». В казахских же эпосах различается лишь несколько разновидностей «луков» по их внешнему виду. Однако лингвистическая природа слова «садақ» представляет определенный этимологический интерес. Дело в том, что это слово считается производным от общей тюрко-монгольской корневой морфемы, встречающейся во всех алтайских языках, но в разном фонетическом оформлении». Так, в самом казахском языке наряду со словом садақ в значении «лук» употребляется жақжай, в уйгурском-я, в узбекском –ей, азер., турк. яй, урянх. яа. кирг. жая, якут. саа, башк. йәйә, карач-балкар джая-садакъ джая, хакас. чааха-охчаа, в тувинском – эа-ая «лук-самострел», алт. саадақ «лук», яа-«стрела», ног. яй «лук», кара калпак. садақ «колчан», оқ жай –сары жай «лук», шор. чачаг «лук», письм-монг. сагадаг «колчан», хал.-монг. сайдақ-садаг «лук», бур.-монг. наадаг «колчан для стрел» и т.д.» [29]. Мұндағы «садақ» сөзінің семантикалық жағынан құбылуы қалыпты құбылыс. Бірде ол ататын садақ, екіншіде «садақ және жебе», үшіншіде «қорамсақ» түрінде кездеседі. Қазақ тіліндегі «садақ» сөзі осы үш мағынаның жиынтығы ретінде қолданылады.

«Ер Көкше», «Ер Қосай» батырлар жырынан келтірілген мысалдардан «садақ» сөзі «садақ толған сар жебе» тіркесінде «қорамсақ» мағынасында, енді бірде жалпы жиынтық атау ретінде (садақ және оның құралдары-жебе, қалтасы, т.б.) қолданылып тұрғанын көреміз.

Сонымен қатар батырлар жырында садақтардың қолданылған материалдарына қарай қарағай садақ, үйеңкі садақ, бұхаржай садақ түрлері де қолданылады екен. Мәселен, «Ер Қосай жырында» «қарағай», «бұхаржай» садақтарының қолданылғандығы былай сипатталады:

Қолымдағы *қарағай садақ*

Қайыра тартқан бар ма екен? [13, 97 б.]

Алты атқа алған *адырна*,

Он атқа алған *бұхар жай*,

Қуысына оқ салып,

Ата алмасам, маған серт! [13, 107 б.]

Былғары садақ бұқаржай

Бұлғай тартты Ер Қосай [13, 145 б.]

Қазақ батырлары садақты Бұхарадан сатып алады екен. Садақтың «Бұхаржай» немесе «Бұхаржа» аталу себебі де осында болса керек. Бұл жөнінде Ш.Ш. Уәлиханов: «Сайдақ, джак, киргизы делали сами, но предпочитали купленный из Бухары или от башкиров, впоследствии пошли и китайские», – дейді [4, 37 б.]. Ал белгілі этнограф ғалым Қ.С. Ахметжанов: «Бұхарада жасалған жақтар Шығыста өте жоғары бағаланатын. Жақсы садақтардың құны бұрынғы кездерде қаншалықты қымбат тұрғанын батырлар жырында кездеседі», – дейді [8, 54 б.]. Мұның дәлелі ретінде жоғарыдағы жыр мәтініндегі

«алты атқа алған адырна», «он атқа алған бұхар жай» сөз тіркестерінен байқауға болады.

Ал садақтан шыққан оқты «жебе» деп атайды. Жырда «жебе» сөзі көптеп кездеседі.

Садақ толған сар жебе
Жүні ұшып кетіпті,
Оны жөңдей келеді [14, 89 б.].

Шауып шығып төбеге,
Шалдың көзі түседі
Жалтылдаған жебеге [14, 103 б.].

Алты қырлы ақ жебе,
Шыққан жері қу төбе [14, 106 б.].

«Жебені алғашқыда өте берік кремний тасынан, кейін қоладан, темірден жасап оқтың ұшына қадаған. Темір жебелер ХІХ ғасырдың бірінші жартысына дейін қолданылды. Жаудың жолына құрылатын тікенекті темірдің де атауы – жебе» [30].

Түркі халықтарының батырлары жебелердің бірнеше түрін пайдаланған екен.

Ғалым Т. Байжанов «История военной лексики» деген зерттеу еңбегінде «жебе» сөзі түркі-монғол тіліне ортақ термин деген жорамал жасайды. Мұндай әскери терминдер қазақ тілінде екі халықтың арасындағы мәдени, сауда, экономикалық қарым-қатынастар негізінде пайда болған деп пайымдап былай дейді: «Значительное число этих терминов такого рода имеет близкие по значению параллели монгольском языке... дзебе-жебе (стрела). Трудность определения принадлежности подобных слов к тому или иному языку понуждает нас определять их как общее тюрко-монгольское достояние» [24, 39 б.]. «Жебенің» қазақ тілі негізінде семантикасының кеңі түскендігі туралы ғалым: «Иногда наблюдается обратное явление, т.е. расширение семантики заимствованных слов на почве казахского языка. Так, слово «жебе» в персидском языке употреблялось в значении «доспех, броня». В казахском же языке жебе – полисемичное слово: 1.стрела, 2.наконечник стрелы, 3.стальное проволочное заграждение, сооружаемое на пути движения вражеских войск, 4. броня, доспех, 5.перен. герой, смельчак, храбрец», – деп ой түйеді [24, 38 б.]. Батырлар жырына келетін болсақ «жебе» сөзі ғалым Т. Байжанов көрсеткен екінші мағынаға (2. наконечник стрелы) сай қолданылады.

Жебенің жасалу тәсілі мен негізгі түрлері туралы Ш.Ш. Уәлиханов былай дейді: «Стрелы делали сами из березового дерева вроде башкирских (древки) тонкие в ... захватов, оперенные в четыре ряда: наконечник делали двухгранный для охоты или четырехгранный саут бузар для пробития панциря, или кузу джаурун вроде лопатки ягненка, чтобы сбивать с седла» [4, 37 б.]. «Ер Көкше» жырында жоғарыда аталған жебенің екі түрі де кездеседі.

Атайын деп қалмақ оқталды,

Қорамсаққа қол салды,
Бір салғанда мол салды,
Сауыт бұзар оқ алды. [13, 224 б.]

Қорамсаққа қол салды,
Қозыжауырын оқ алды.
Қалмақ ердің қасы деп,
«Өлер жерің осы» деп,
Толғап тартып қалады. [13, 228 б.]

Сауыты бар қалмаққа
Сауыт бұзар оқ алды.
Садақты қолға ол алып,
Керіп сонда қозғалды,
Он екі тұтам оқ алды.
Масағына келтіріп,
Сонда атып қалады. [13, 249 б.]

Қ.С. Ахметжанов «масақ» сөзінің қазіргі уақытта дұрыс қолданылмай жүргендігін айтады. «Масақ» сөзінің оқтың басымен, ұшымен қатар, бірақ бөлек айтылуы, оқтың сабын мағыналауы, оның кірістен өткізілетінінің меңзеуі, бұл сөздің оқтың кіріске тірелетін жағына қатысты атау екенін көрсетеді. Оқ жерге шаншылғанда оны осы жағы бидай масағына ұқсағандықтан, «оқ масақтай шаншылып» деген сөз тіркесі де қолданылады», – дейді [8, 54 б.]. Жоғарыда келтірілген мысалдар ғалымның сөздеріне толық дәлел білдіре алады.–

Оқтың ұшы болады. Ал жебенің сапқа орнатылған бөлігін «ұңғы» деп атайды екен. «Ер Қосай» жырында оның қолданылуы былай сипатталады:

Шанышқаным шыдамай,
Ұңғыдан кетсең, саған серт! [14, 136 б.]

Оқтың жасалу тәсілі, қолданылуы жөнінде ғалым-этнограф Қ.С. Ахметжанов былай дейді: «Оқтың сабы талдан, тобылғыдан, қамыстан жасалған. Кейде майыспайтын қатты болу үшін жуан қайың ағаштан жарып, жонып та жасалады... Су өтпес үшін майға суарып, қайыңның тозымен орайды» [8, 54 б.].

«Ер Қосай» жырында оқтың қалай жасалғандығын сипаттайтын тұстар кездеседі.

Алты қырлы ақ жебе,
Шыққан жері қу төбе,
Кесіп алған жерінде
Қырық ай жатқан қуарып,
Қырық қара нар майына
Алып едім суарып [14, 136 б.].

Қырық санын қазақ халқы киелі санаған, сондықтан жыр мәтінінде жебені «қырық ай суарып», «қырық қара нар майын» қолданылуы қырық санының киелі санауының көрінісі болып табылады.

Жебенің жақсы ұшуы үшін масағына құстың қауырсынын таққан екен. Ш. Уәлиханов бұл жөнінде: «Перья употребляли: перья снежного грифа, похожие на овечью шерсть, перья стервятника, похожие на шерсть жеребенка-стригунка. Орлиные не уважались», – дейді [4, 38 б.]. Жырда қарға қауырсынын қолдануы кездеседі.

Қарға жүнді қамыс оқ
Шаш етекпен тиіпті,
Көк желкеден шығыпты-
Бәрінен де со жара [14, 88 б.]

Адамның, аңның денесін кесіп түсетіндей өткір жебелер де қолданылған. Жырда:

Тартып қалды қол оқты,
Қалмақ ердің қасы деп,
Қақ жүректің басы деп,
Жан денесі осы деп,
Қалмақтан өтіп кетеді.
Ар жағында бір төбе
Тостағандай төңкеріп,
Онан да өтіп кетеді.
Ар жағында тауларға
Іркілмей оғы жетеді.

Сонда қалмақ құлады [13, 249 б.], – деп жебе оғының соншалықты өткірлігі әсіреленіп жеткізіледі.

Сондай-ақ садақ, жебе түркі халықтарының өмірінде маңызды рөл атқарды, сол себепті бұлар көп жағдайда халық ауыз әдебиетінде символдық белгіге айналып, батырдың күш-қуатын танытатын қару болып танылады. Жырда Ер Көкше батырдың соғыста опат болуы жебе оғының бұзылуынан да көрінеді.

Садақ толған сар жебе
Жүні ұшып кетіпті немесе
Садақ толған сар жебе
Жүні ұшар оқ па еді? [13, 89 б.]

«Қазақ ауыз әдебиетінде жебелердің бұдан басқа, қырларының санына қарай төрт қырлы, алты қырлы, үш қырлы жебе деген атауларын кездестіреміз. Сабына байланысты «қу жебе», «қайың оқ», «тобылғы сапты оқ» деген атаулары бар. Қанатына байланысты «екі қанатты», «төрт қанатты жебе», «сары жүнді оқ», «күшіген жүнді оқ» деп бөледі. Сабының ұзындығына қарай «сай кез оқ», «кез оқ», «он екі тұтам жебе» деп атайды» [8, 60 б.]. «Ер Көкше», «Ер Қосай» жырларында кездесетін «алты қырлы ақ жебе», «он екі тұтам оқ» сөз тіркестері бұған дәлел бола алады.

Садақ оғын салатын қабы немесе сауыты «қорамсақ» деп аталады. Оны батырлар белге байлаған немесе иыққа асып қолданған екен. Қорамсақтың жасалу тәсілі мен қолданылуы жайында этнограф ғалым Ш.Уәлиханов: «Колчан для стрел (курамсақ) и для лука (садак) носили на одном ремне, на поясе; колчан был с левой стороны, а садак- с правой. Богатые люди делали эти снаряды из русской красной юфты, белой стороной наружу, и с медной оправой и разными тисненными узорами на коже; бедные делали из верблюжьей кожи домашней выделки», – деп жан-жақты сипаттайды [4, 37 б.]. Көп деректерде қорамсақ қалың көннен жасалады делінген, қорамса ішіне көлденең екі қатар қылып тартып, оған жебелерді кірісін төмен қаратып қатарлап қояды екен. Жырда ол былай сипатталады:

Болмайтын оған болған соң,
Қорамсаққа қол салды,
Қозы жауырын оқ алды [14, 151 б.].

Атайын деп қалмақ оқталы,
Қорамсаққа қол салды,
Бір салғанда мол салды,
Сауыт бұзар оқ алды [13, 224 б.].

«Қорамсақ» сөзі монғол тілінен енген термин. Монғол тілінде «хоромсого» деп аталынады. Қ.С. Ахметжанов бұл жөнінде: «Көшпелі халықтарда 12 ғасырдан бастап оқ қабының теріден, көннен, матадан (барқыт, парча, т.б.) жасалған жалпақ болып келген жаңа түрі қолданыла бастады. Оқ қабының бұл түрі «қорамсақ» деп аталады (монғолша «хоромсог»). Кейде қазақтар «қорамса», «қорам» деп те атайды», – дейді [8, 60 б.].

Батырлардың бес қаруының бірі – мылтық. «Мылтық» сөзінің шығу тегі жайлы, өкінішке орай, сөздіктерде деректер кездеспейді. К. Юдахиннің сөздігінде де «мылтық» терминінің түркі тілдес сөздерден шыққандығы, жалпы басқа тілден енген сөз қатарынан екендігі жөнінде мәліметтер келтірілмейді. Алайда ғалым А.Қ. Тұрышев «Мәшһүр Жүсіп шығармаларындағы заттық мәдениет лексикасы» атты еңбегінде «мылтық» сөзіне лингвистикалық талдау жасап, «мылтық» сөзінің түбірі – мыл- өлі түбір деген болжам жасайды: «Мыл+тық (оқтық, шоқтық) түбір мен қосымшадан тұратын сияқты. Мыл өлі түбір мылжың, мылжа-мылжасы шығу, мылқау, мылқ етті деген сөздердің құрамында кездеседі. Мыл> мыңқ (дыбыс) еліктеуінен туған сөз сияқты» [31]. Біз жоғарыда айтылған лингвист ғалымның сөзіне қосылып, «мылтық» сөзінің «мыл» деген дыбыстық еліктеу сөзінен –дық зат есім тудырушы жұрнақтың жалғануы арқылы жасалған туынды сөз деп пайымдаймыз.

Қазақ жерінде мылтықтың қашан пайда болғандығы және қайдан әкелінгендігі жөнінде А. К. Кушкумбаев мынадай деректер келтіреді: «Первые сведения о существовании в Казахстане огнестрельного оружия, по-видимому, относятся ко второй половине XVI в. Как нам представляется, были два канала поступления огнестрельного вооружения в Казахстан. Во-первых, насельники степи получали огнестрельное оружие через среднеазиатское ханства и Российское государство, путем военной помощи и развития торговли. Во-

вторых, при ведении военных действий кочевники захватывали в качестве трофеев огнестрельное оружие и мастеров-оружейников» [32].

Жырда батырлар мылтықты шебер қолдана білгендігі аңғарылады. Жоғарыда ғалым А.К. Кушкумбаев қазақ жерінде мылтық 16 ғ. пайда болғандығын пайымдаса, «Ер Көкше», «Ер Қосай» жырларындағы оқиғалар 17 ғасырдағы қалмақтармен соғысты қамтиды, демек ол кезде батырлардың мылтықты шебер пайдалана білгендігінде танқаларлық ештеңе жоқ.

Оң келгенін оң атты,
Сол келгенін сол атты.
Бір төбеге топталды,
Мылтығын тегіс оқтады [14, 107 б.].

Не қылып оқ дарысын
Құдай баққан балаға!
Жолатпайды мылтықты,
Әруақ қолмен сабалап [14, 138 б.].

Мылтықтың бөліктері туралы Ш. Ш. Уәлихановтың «Вооружение киргиз в древние времена и их военные доспехи», Қ.С. Ахметжановтың «Жараған темір кигендер» атты еңбектерінде жан-жақты сипатталып жазылады. Ш. Уәлиханов мылтықтың жасалу тәсілі мен қолданылуы туралы былай дейді: «Ружье, мулук, было редкостью в степи и переходило из рода в род и имело собственные имена: коз-кеч, кульдур-мамай. Оно имело гладкий ствол, фитиль и маленькие сошки из сайгачьих рогов. Стреляли пулями из свинца. Ружье делали сами киргизы, делали и калмыки и башкиры. Встречаются в степи еще ружья этой работы и большей частью бьют хорошо, все они имеют продольные полосы по стволу и медные мушки и прицел. Штуцеров не знали, впрочем, у некоторых султанов были средне-азиатские шамгалы, длинные и тяжелые ружья, котрые бьют на 700 шагов» [4, 39 б.]. Жалпы, батырлар жырында мылтық садақ қаруымен қатар қолданылған. Бұны «Ер Қосай» жырынан да кездестіреміз:

Садағыма сан кісі,
Мылтығыма мың кісі [14, 106 б.]
Қолындағы садақтың
Санаулы оғы таусылды.
Атып тұрған мылтықтың
Өлшеулі оғы таусылды. [14, 108 б.]

Қазақ батырларының бес қаруының бірі айбалта болып табылады. Ол – шабу құралы. «Балтаның өзге шабу қаруларынан жарақаттау қабілеті мен пішіні жағынан айтарлықтай ерекшелігі бар. Оның жүзі орташа болып келеді. Жүзі ай пішіндес әрі енді болып келетін балтаны қазақтар «айбалта» деп атаған. Жүзі сына тәріздес болып келетін қару «шақан» деп аталған. Бірақ, қазақ батырлары соғыста балтаның төртінші түрі – жарты айбалтаны көп қолданған. Кәдімгі балта, айбалта мен шақанның қасиеттерін біріктіру арқылы жасалған айбалтаның басы балға пішіндес болады» [33]. «Ер Көкше», «Ер Қосай»

жырларында айбалтаның қолданылуын кездестірмедік, дегенмен басқа эпостық жырлардан айбалтаның кеңінен қолданылғандығын байқаймыз. Мәселен «Шыңтасұлы Төрехан» жырында айбалтаның қолданылуын төмендегі жолдардан көреміз.

Сағақтан шоқпар сынғасын
Айбалтаға қол салды.
Екі ер де қажыған,
Шабысқанда құлаштап
Балта да шіркін шыдамай
Сынып түсті сабынан [25, 395 б.].

Ал «Қарасай-Қази» батырлар жырында айбалтаның қолданылуы төмендегідей беріледі:

Ат артына сүйрету
Қолында ұзын арқаны.
Қарасайдай батырдың
Басын кесіп алуға
Рахымсыз бұл дұшпан
Оңтайлады балтаны [25, 105 б.].

«Қарабек батыр» жырында айбалтаны батырдың қолдануы төмендегідей жолдармен беріледі:

Тақымында тұр екен
Алтын сапты айбалта.
Айбалтасын алысты-ай,
Шарадай басқа жабысты-ай.
Дулығаға өтпеді-ай,
Әрмен кесіп кетпеді-ай.
Сырттан киген, әшейін,
Жадағайға жабысты-ай.
Тастай беріп балтаны,
Жағаласа қалысты-ай [14, 325 б.].

«Шоқпар» қарудың ең көне түрі болып табылады. Шоқпар –соғу құралдарының бірі. Оның сабы ағаштан болып, оған металл шынжыр немесе үшкір темір тығылып жасалынған екен. Ғалымдар «Шоқпар» сөзіндегі «шоқ» - «соқ» сөзінің фонетикалық варианты деген болжам айтады. «Шоқпар» сөзінің этимологиясы жөнінде жүйелі пікір айтып, нақты дәлелдер келтіре білген филолог ғалым А.Ж. Мұқатаева былай дейді: «Мы полагаем, что корень шоқ гомогенен с соқ «бить, ударять» и встречается лишь в производной основе шоқы «клевать», «бить, стучать клювом» (о птице); шоқын «креститься». Производные основы от корневых морфем соқ // суқ // шоқ // чок // чох образованы при помощи аффиксов –мақ // -пақ и –мар // пар» [9, 161 б.]. «Шоқы», «соқ» сөздері «бір нәрсені соғу» деген ортақ мағынаға жақын болғандықтан, «шоқы» деген етістіктегі «шоқ» және шоқпардағы «шоқ» лексемалары «соқ» етістігінің фонетикалық варианты деген тілші ғалымның ойын біз де қостаймыз.

Соғу қаруының екінші түрі – «гүрзі». Бұл металдан құйылған ауыр шоқпар. «Гүрзі – темір шоқпар. Ертеде ол әрі аң аулау, әрі соғыс құралы болған. Бұл атау парсы сөзінен шыққан. Палеолит дәуіріндегі алғашқы адамдардың негізгі құралы болған сойылдың күрделі түрі. Ол салмағы ауыр, мықты ағаштан жасалып, жуан басы қоламен, кейін темірмен қапталып қолданылды» [34]. «Ер Көкше», «Ер Қосай» жырларында соғу құралдары- шоқпар, гүрзінің қолданылуын кездестіре алмадық, алайда басқа батырлар эпосында бұл қару түрлерінің қолданылуы жақсы сипатталған. «Шыңтасұлы Төрехан» жырында былай делінген:

Ұрғанға шоқпар шыдамай
Сағағынан сынады [14, 304 б.].

Тарлан атқа кідіріп,
Ер салғанша асықты.
Ат басындай тас шоқпар
Тақымына басыпты [13, 76 б.].

Тоқсан батпан шоқпармен
Тас төбеге ұрады.
Тасқа тиген шөлмектей
Ортасынан омырылып,
Жасыған жездей қайырылып,
Шоқпар ұшты аспанға [25, 423 б.]

Шоқпардың ұрыста батырдың шеберлікпен қолдана білуі, батырдың асқан күш иесі екендігі «Қарасай-Қази» батырлар жырынан да көрінеді.

Өлердей жаман арланды
Піл көтермес шоқпарды
Сонда батыр қолға алды [25, 105 б.].
Шоқпарменен ұрғанда
Ұмтылып еді күшпенен.
Сынса да қорған қалқаны,
Қази аттан түспеген [25, 109 б.].

Соғу құралының бір түрі – қамшы. Батырлар қамшыны үнемі өзімен бірге ұстап, тұлпарын қамшылаумен қатар жауға да қарсы ұтымды қолданылған. Қамшының жасалуына тәсілі мен қолданылуын Ш. Уәлиханов жақсы сипаттап жазған: «Нагайка делалась из сырых ремешков, заплетенных около стержня, также из сырого ремня, и имела длину до 7 захватов и один палец или два. Для ремней употребляли телячью кожу. Ремень укреплялся к деревянной ручке, которая была несколько короче ремня (от 4 до 5 захватов и несколько пальцев). Для ручки употребляли по преимуществу иргай или красную таволгу, последняя предпочиталась... Плетень на нагайках был разных родов, круглый или четырехгранный. Если нагайка имела металлическую оправу, то вне, под ручкой, делали острую железную пластинку, буурдак, для того, чтобы не выронить из руки нагайку» [4, 36 б.].

«Ер Қосай» жырында қамшының қарсыласына қолданылатын таптырмас қару құралы ретінде берілуі былайша сипатталады:

Қолындағы қамшымен
Тас төбеге салады.
Шырқырап қалмақ жылады,
– Қамшымды қайсың алдың? –деп,
Ұрған сайын ұрады [14, 151 б.].

Сонда Қосай қарады,
Керегеге барады.
Қамшыны қолға алады,
Әрқайсысын дойырмен
Қатындарын сабады [16, 255 б.]

Жырдан көріп отырғанымыздай қамшыны кейде «дойыр» деп те атайды. Екеуінің мағынасы бір болғандықтан, қамшы, дойыр бір-бірімен синонимдес сөздер деп те тұжырымдауға болады.

«Ер Қосай» жырында «зеңбірек» сөзінің кездесуі таңқаларлық. Зеңбірек алғаш рет Қытайда Х ғасырда пайда болған екен. Моңғолдардың атты әскері де зеңбіректі қолданған. Қазақ жерінде зеңбіректің қашан пайда болғандығы жөнінде нақты мәліметтер жоқ. «Зеңбірек» араб-парсы тілінен енген сөз. Басқа тілдерде «зеңбірек» сөзі бірнеше мағына білдіреді екен. Ал қазақ тілінде оның бір-ақ мағынасы бар – ату құралы.

Қылыштың қайқы жүзіне,
Зеңбіректің оғына,
Кейде қалың шоғына,
Кәпірдің қалың тобына
Сүңгімесем, маған серт!
Оқ дарытсаң, саған серт! [14, 107 б.]

Майлы арбасын сүйретіп,
Азығына нан алып,
Сусынына бал алып,
Зеңбірекке шоқ салып,
Ер бөкшені көрген соң,
Қалған екен кәпірлер
Бұлақты алып қамалып. [14, 105 б.]

Қорытындылай келе, қазақ халқы қаруды қасиетті санап, биік дәрежеде ұстауы қазақ жерінде жиі болған жаугершілік соғыспен тығыз байланысты. «Ер қаруы – бес қару» деп аталынған батырлардың жауға қарсы қолданылған қарулары батырлар жырында кеңінен көрініс тапты. Бұл қару түрлері батырларға елін, жерін сыртқы жаудан қорғауға септігін тигізді. Жырларда батырдың бейнесін жан-жақты ашып көрсету үшін оған міндетті түрде асыл сауыт киіндіріп, өткір қару ұстатты. Сол қарудың көмегімен ол жауын жеңе білді. Жыр мәтіндерінен байқағанымыздай қару түрлерінің біршамасы бізге

басқа тілден енген. Бұл батыр бабаларымыздың әскер жасағындағы қару түрлерін жетілдіруі мақсатында басқа елдермен қарым-қатынас жасауы нәтижесінде пайда болған қару құралдары болып табылады.

2.3 Жырларда қолданылатын қорғаныс жарақ түрлері

Қазақ батырларына соғыста жеңіске жетуі үшін шабуыл қаруларымен қатар қорғаныс құралдары, яғни жарақтар өте қажет болды. Қазақ батырларының жарақтарды кеңінен қолданғандығы фольклорда, әсіресе батырлар жырында кең көрініс тапты. Жаңа қару түрлерінің пайда болуы, олардың қарқынды түрде дамуы, одан қорғанатын жарақ түрлерінің жетіле түсуіне себепші болды. Қазақ жерінде шапқыншылық соғыстар жиі болғандықтан, батырлардың жауынан қорғанатын құралдары – жарақтары ертеде пайда болды деп болжауға болады. Бұл жөнінде ғалым А.К. Кушкумбаев өзінің «Военное дело казахов в XVII-XVIII веках» атты зерттеу еңбегінде былай дейді: «Очевидно, что древнее население Центральной Азии и Южной Сибири приблизительно во второй половине II тыс. до н.э. использовали для предохранения пластины из кости, дерева и кожи. Археологические данные показывают, что защитное снаряжение существовало уже в эпоху бронзы» [32, 74 б.]. Бұдан қазақ батырлары жарақ түрлерін өте ерте заманнан қолданған деген ойға келеміз. Батырлардың қорғаныс құралдарына қатысты Қ.С.Ахметжановтың «Жараған темір кигендер» атты еңбегі құндылығымен ерекшеленеді. Аталған еңбекте батырлардың жарақтары қолданылуына қарай жіктелініп беріледі.

Біріншісі – кеудені қорғайтын жарақтар, оған ғалым сауыттар мен шарайналарды жатқызады. Екіншісі – басты қорғайтын жарақтар оған дулығалар жатқызылса, үшіншісі – қолды, аяқты қорғайтын қосымша жарақ түрлері – жеңсе, тізелік, балтырлықтар. Төртіншісіне қолға ұстап қолданатын жарақ – қалқанды қосады. Ал бесіншісі – «аттың денесін қорғайтын жарақтар» деп атап, оған ат сауыттары, ат томағаларын жатқызады [8, 98 б.].

Батырлар жырында кеудені қорғайтын жарақ түрлеріне сауыттар жатқызылады. Ауыз әдебиеті батырлардың қолданған сауыт түрлері мен оның бөліктері туралы көптеген деректерге толы десе де болады.

Үстімдегі ақ сауыт,

Ақ кіреуке, бек сауыт,

Сені сокқан ер Дәуіт! [14, 137 б.]

Тілші ғалым А.Қ. Тұрышев: «Сауыт (сау+ыт) түбір мен қосымшадан тұрады. Сау – мықты, денің сау ма, сақадай сай деген тіркестің құрамында ұшырасады». Сау//сақ сөздерінің семантикасы да бір сияқты», – дейді. [35]. Сонда «сауыт» сөзіндегі «сау» түбірі «батырды сау күйінде сақтайтын» деген мағынаға сайып келіп, ал –ыт қазақ тілінде зат есім тудырушы өнімді жұрнақтардың бірі болып табылады. Мәселен, шаб+ыт, су+ыт т.б.

«Ер Көкше», «Ер Қосай» жырларында кеудені қорғайтын сауыт түрлерінің бірнешеуі кездеседі. Соның бірі – берен. «Берен» сөзі бірнеше мағынаны білдіреді. Тілші ғалым А.Қ. Тұрышев өз еңбегінде Р Сыздықованың «Берен»

сөзінің бес түрлі мағынасын көрсеткендігін айтады. Олар: 1) ең мықты болат, берік металл; 2) сол болаттан, металдан жасалған қылыш, семсер, кездік, қанжар, пышақ т.б.; 3) сауыт, көбе; 4) батыр, күшті, мықты адам, асыл адам; 5) ең жақсы барқыт [35, 7 б.]. Біз осының ішіндегі «берен» сөзінің батырды қорғайтын «берен сауыт» мағынасына тоқталамыз.

Ер Қосай заулап жөнелді
Лашын құстай қалшылдап.
Жеңсіз берен киінді,
Қабағын тастай түйінді,
Астындағы Сары атқа
«Айт, жануар, шүү!» – деді [14, 128 б.].

«Берен» сөзінің шығу тарихы туралы ешбір деректер кездеспейді, тек «берен» сөзінің «берік, мықты, асыл болаттан» жасалғандықтан, «берен сауыт» аталатыны жөнінде жалпылама болжамдар айтылады. Қ.С. Ахметжановтың ғылыми еңбегінде мұндай сауытты қырғыз, хакас тілдерінде «қыяқ, құяқ» аталғандығы айтылады [8, 126 б.]. Ал шығыс халқынан батысқа ауысқан мұндай сауыт түрі «бригандина» деп аталған екен. Берен сауыттың неден жасалғандығы, оның берік те мықтылығы туралы Қ.С. Ахметжанов жан-жақты түсіндіріп, сипаттап былай дейді: «Қазақтар бұл сауыттың болат тақталарын «берен», «берен» деп атап, бұдан жасалған сауыт түрін «берен сауыт», «беренгілі сауыт» деп атаған болу керек. Үлкен болат тақталары қозғалмайтын болып бекітілетіндіктен бұл сауыт та жеңсіз жасалған... Берен сауыттың да пішіні «құяқ» сияқты кеудеше (жилет) түрінде жеңсіз, етегі қысқа жасалып, екі бүйірінен жырылады да, мойнынан киіліп, баумен, түймемен, ілгекпен байланады» [8, 128 б.]. «Жеңсіз берен» түрі «Ер Қосай» жырында да кездеседі.

Енді Қосай сол жерде
Аулына қарай озады.
Жеңсіз берен киінді,
Лашын құстай шүйілді,
Қабағын тастай түйінді [14, 141 б.].

Үлкен болат тақталардан жасалғандықтан бұл сауыт түрі өте берік, мықты болған, сондықтан да берен сауытты батырлар көбіне кіреуке, бадана қаттама сауыттардың сыртынан киген көрінеді.

Береңгілі бек сауыт
Шығаршықты көк сауыт,
Беркіне киіп алады [14, 122 б.].

Сонда Қазидайын батырын
Ашуланып тұлданды.
Беренге батыр сыймады,
Жалаң найза қолына ап,
Алдыменен жөнелді [13, 323 б.].

«Ер Қосай» жырында кездесетін келесі бір сауыттың түрі – кіреуке.

Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігінде (әскери іс) «кіреуке» жарағы былай түсіндіріліп беріледі: «Кіреуке – жейде түрінде жасалған, дөңгелек металл шығыршықтардан өрілген торлы сауыт. Оның шөже сауыт, торғай көз сауыт, бадана сауыт, т.б. түрлері болған. Омырау жағасы ашық жасалып, қайыс баумен немесе ілгекпен байланады» [22, 168 б.].

Үстімдегі ақ сауыт

Ақ кіреуке бек сауыт

Қылыштың қайқы жүзіне,

Зеңбіректің оғына,

Кейде қалың шоғына,

Кәпірдің қалың тобына

Сүңгімесем, маған серт,

Оқ дарытсаң, саған серт! [14, 107 б.]

Қазақ тілінде «кіреуке» сөзі «селдір, торлы» деген мағынаны білдіреді. Сонда «кіреуке сауыт» дегеніміз – торлы сауыт. Жырда «ақ кіреуке» тіркесі жиі қолданады. Бұдан біз бұл сауыттың да асыл болаттан жасалатынын аңғарамыз. Кейде кіреуке сауыт темір шығыршықтардан тоқу, өру арқылы жасалады. Белгілі этнограф, ғалым Қ.С. Ахмежанов мұндай кіреуке сауыттың үш түрін көрсетеді. Олар: бадана көз кіреуке, торғай көз кіреуке және зере сауыт (кіреуке). Олардың жасалуы мен қолданылуын былай сипаттап жазады: «Кіреуке сауыттың дөңгелек шығыршықтары «көз» деп аталып, олардың көлемі, диаметрі әртүрлі болады. Ең кішкентайларын «торғай көз» немесе «шөже көз» деп атаған, яғни шығыршық тесігінің үлкендігі торғайдың, шөже балапанның көзінің үлкендігіндей-ақ...» [8, 108 б.].

Келесі «бадана сауыт» немесе «бадана көз кіреуке» туралы сөз етсек, қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде «бадана» деген сөзге мынадай анықтама беріледі: «Бадана – 1. Батырлар соғыста киетін, оқ өтпейтін болат сауыт; 2. Жерге түйін тастап өсетін өсімдік және сол өсімдіктің түйнегі; Бадана көз- бадырайған үлкен көз» [36]. Бұдан кіреукенің «бадана» деп айтылуы оның шығыршықтарының үлкен, жалпақ етіп соғылуынан екенін анықтаймыз. Қ.С. Ахметжанов еңбегінде де: «Берік, мықты болу үшін үлкен, жалпақ соғылған шығыршықтардан өрілген кіреукелерді «бадана көз кіреуке» деп атаған. Бұл кіреукені кейде өзін жеке «бадана сауыт» немесе «бадана» деп те атайды», – делінген [8, 108 б.]. «Ер Қосай» жырында әкесі Ер Көкшенің соғыста опат болғандығын оның сауытының бүлінуі арқылы білдіреді.

Бадана көзді ақ сауыт

Сөгіліп еді жеңінен [13, 111 б.].

Мұндай сауыт түрін батырлар ұрыста жиі қолданған. «Бадана көз кіреуке» сауытын біз «Ер Тарғын», «Қобыланды батыр» жырларынан да кездестіреміз.

«Ер Тарғын» жырында:

Шығыршығы шираған,

Бадана көзді кіреуке,

Шарайнасы бес қабат,

Жау қарысы жетпеген,

Жез айырдың оғы өтпеген [14, 38 б.].

«Қобыланды батыр» жырында:

Енді атына мінеді

Бадана көзді ақ сауыт

Денесіне киеді [37, 87 б.].

Кіреуке сауыттың үшінші түрі «зере сауыт» деп аталады екен. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде: «Зере сауыт – кейбір кіреукелердің кеуде мен арқа жақтарына темір не болат тақташалар қосылып өрілетін сауыт», – делінген [36, 345 б.]. Бұл сауыттың жасалу тәсілі мен қолданылуы жөнінде Қ. С. Ахметжанов еңбегінде жан-жақты сипатталады: «...Арқа тұстарына, екі бүйіріне болат тақталар қосылып өрілген кіреукелер. Оны «зере кіреуке» немесе «зере сауыт» деп атайды. Парсыша «зирих», түрікше «зирх» деген атаулардың өзгерген, қазақшаланған атауы. Мұндай зере сауыттың тақталары үлкен, кіші, жалпақ, жіңішке, әртүрлі болуы мүмкін. Үлкен көлемді тақталардың беттері алтындалып оюланып, оған құран сөздері жазылған» [8, 108 б.].

Қазақтың батырлар жыры мәтіндерінен жоғарыда аталған «бадана көз кіреуке», «торғай көз кіреуке» сауыттары жиі кездеседі. Сонда жыр мәтіндерінен аталған сауыттардың жиі сөз етілуі бұлардың мықты да берік жарақ түрі болғандығының дәлелі десе де болады. Дегенмен бұл сауыт түрлері жеңіл болғандықтан, жеңіл-желпі қаруланған әскерлерге арналған көрінеді. Сондай-ақ батырлар бұл сауыт түрлерін көбінесе басқа берік сауыттардың астынан киген екен.

Батырлар жырында жиі айтылатын сауыттың бір түрі – көбе сауыт немесе көбе. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде «Көбе» сөзінің бірнеше мағынасы бар екендігі көрсетіледі: «Көбе I 1.Тырнақтың айналасындағы жиек еті. 2. Бір нәрсенің жиегі. II көне. Көбесі болаттан немесе темірден жасалған сауыт түрі» [36, 403 б.]. Көріп отырғанымыздай «көбе» көне сөз болып табылады. Түсіндірме сөздікте көрсетілген мағынасына қарағанда «көбе» құстың денесіндегі, яғни қанатындағы бір-бірін баса жауып орналастырылған қауырсындарға және бір шеті терінің астына қарай кіре орналасқан тырнаққа қатысты айтылады екен. Мұндай орналасу тілімізде «көбелену» деп аталады. Қ. С. Ахметжанов бұл тәртіппен орналасқан қауырсындардың қорғаныс үшін маңыздылығын атап былай дейді: «Табиғатта құстардың қауырсындарының, жыланның, балықтың қабыршықтарының бұлай орналасуы суықты, желді, суды өткізбейтін қорғаныс қасиетін күшейту үшін пайда болған. Осыны жақсы білген көшпелілер сырт киімге тері, сүйек, кейін металл тіліктерін бір-бірін бастыра, көбелендіре бекітіп, киімнің қорғаныс күшін арттырып, сауыт жасай бастаған. Мұндай сауыт түрі «көбе сауыт» деп аталды. Қауырсын тырнақтардың бұлай орналасуына қарай «көбе» аталғаны сияқты бұл сүйек, металл тіліктерді де «көбе» деп атайды» [8, 100 б.]. Жыр мәтіндерінде «көбе» сөзін кездестірмедік, алайда Ә. Диваев жазып алған «Шора батыр» жырында және Мұрын жырау жырлаған «Нәрік батыр» жырында батырлардың бұл сауытты қолданғаны көрінеді.

Тұрағым Мекке-Мәдина
Мәдинені еске алып,
Қоңыр салқын төске алып,
Кедәриден бау тағып,
Күбе тонды кисем дер [38, 76 б.]

Қалмақтан өтіп оқ кетіп,
Бір төбеге жетеді.
Ол төбенің босады
Оқ тиген *көбесі* [13, 39 б.].

А. К. Кушкумбаев еңбегінде де «көбе» сауыттың ыңғайлы да берік екендігі айтылады: «Этот доспех состоит из наложенных друг на друга металлических пластинок, скрепленных между собой ламеллярным способом (т.е. с помощью соединительных ремешков). Такие панцири были характерны для древних тюрок, кимаков, енисейских кыргызов, монголов... Вес их чуть больше 16 килограммов и будучи распределен по телу, не очень ощущается, даже при отсутствии навыков ношения. Более того панцирь совершенно не сковывает сложных и резких движений и поворотов, в чем не уступает кольчуге, а по защитным качествам значительно ее превосходит» [32, 77 б.].

Сонымен, «көбе сауыттың» берік те мықты қорғаныс жарақтарының бірі болғанын анықтадық. Жыр мәтіндерінде бұл сауыт түрінің жиі кездесуі де мұны дәлелдей түседі.

Қазақтың эпостық жырларында батырлардың тоғыз қабат, бес қабат торғауыт сауыт түрлерін де жиі қолданғанын кездестіреміз. Батырлар жырында көбінесе шайқас кезінде оқ не қылыштың сауыттың бірнеше қабатын жарып өтеді де, соңғы қабатқа келгенде тоқтап қалады.

Толғанып тұрған Тарғынды
Толғап атып салады.
Кірістен шығып кетеді,
Тарғынға таман жетеді.
Тоғыз қабат торғауыт
Сегізінен өтеді [14 том, 41 б.].

Құладың тұлпар мінген ер
Бес қабат сауыт киген ер [39, 302 б.].

Үшінші атып қалады
Тоғыз қабат сауыттың
Алтауын оқ жарады,
Жаңылтпай жазды тобаны [13, 371 б.].

Қолындағы жақпенен аямай тартып қалады.
Бөгенге оғы жетеді,
Тоғыз қабат сауыттың

Сегізінен өтеді.
Өтетін екен о барып,
Ғайып ерен қырық шілтен
«Балама тиіп кетер» деп,
Оғын қағып жіберді [25, 459 б].

Зырлауменен барады-ай,
Қақ жүректен қонады-ай.
Тоғыз қабат торының
Сегізінен ағады-ай [14, 333 б.]

А. Құралұлының «Қазақ дәстүрлі мәдениетінің энциклопедиялық сөздігі» еңбегінде «торғауыт» сөзіне былайша анықтама беріледі: «Торғауыт зат. көне. Оқ өтпес үшін батырлар киетін сауыт» [8, 111 б.]. Ал қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде «торғауыт» сөзі екі мағынада беріледі: «1) көне Қалмақтардың бір тайпасы.2) Ертедегі батырлар киетін тері сауыт» [36, 812 б.]. Торғауыттың бірнеше теріден қабатталып жасалатындығы жөнінде көптеген деректер бар. М. Горелик өз еңбегінде монғол-татарлардың осындай жұмсақ материалдардан бірнеше қабаттап жасалған сауыттарын сөз етеді: «Особенно были распространены у монголо-татарских воинов панцири из мягких материалов – войлока, кожи, ткани, из многих слоев материала, простеганных и проложенных металлом» [40]. Мұндай сауыт түрін монғол тілінде «хатангу дегель» (қатайтылған шапан) деп атаған. Бұл сауыт түрі монғолдардың құяқ сауытына ұқсағанмен, олардың бір- бірінен айырмашылығы – «құяқта» иық ашық қалдырылып, бау арқылы тағылатын, ал «хатангу дегельде» иық толық жабылып, қорғанысты күшейте түседі. Сауыттың «торғауыт» деп аталуын Қ.С. Ахметжанов: «Шыңғысхан заманында монғол империясына кірген халықтардың монғол жарағын қолдануы заңды құбылыс. Алтын Орда дәуірінде өмір сүріп, кейін екі ғасыр бойы монғолдардың бір бөлігі болған торғауыт, қалмақ тайпаларымен соғысқан қазақ батырлары да бұл сауытты қолданған. Кейін шыққан жеріне, жасалатын орнына қарай бұл сауытты монғол тайпасы торғауыттың атымен атап кеткен болу керек», – деп болжам жасайды [8, 120 б.]. Біз де жоғарыда айтылған белгілі ғалым Қ.С. Ахметжановтың пікіріне толық келісеміз, қазақ жерінде жиі болған монғол шапқыншылығы кезіндегі қазақ батырларының беріктілігімен, жеңілдігімен ерекшеленетін монғол жарақтарын қолдануы әбден мүмкін. Қазақ батырларының бұл сауытты монғол тайпасының бір бөлігі болған торғауыт тайпасымен атауымен атап кеткені де бұны дәлелдей түседі.

Қазақтың батырлар жырында кездесетін тағы бір сауыттың түрі «жалаңқат» деп аталады. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде: «Жалаңқат – соғыс кезінде денеге киетін темір сауыт», – деп берілген [36, 255 б.]. «Жалаң» және «қат» деген екі сөзден тұратын бұл сауыт бір қабаттан ғана тұрған көрінеді. «Жалаңқат» – қазақтың төл сөзі. Бұған дәлел ретінде Т. Байжанов: «В казахском эпосе, в героических дастанах слово жалаңқат означает «прочное боевое одеяние эпического батыра». Этого слова нет в словарях В.В. Радлова и Л.З.

Будагова, отсутствует оно в других тюркских языках. Мы полагаем, что оно возникло на казахском почве. В нем два компонента: жалаң (один) и қат (ряд, слой). Таким образом, жалаңқат означает «боевое одеяние, состоящее из одного ряда прочных металлических пластин», – дейді [24, 24 б.]. Бұл сауыт түрі ертеден қолдана бастаған екен. Европада мұндай сауыт түрін «кираса» деп атаған көрінеді. «Қобыланды батыр» жырында батырдың жоғарыда аталған сауытты қолданғаны айтылады.

Мінуге керек қазанат,
Белге керек шар болат,
Денеге керек *жалаңқат*
Жаппарға жаны аманат [37, 32 б.].

Денеге оқты дарытпас
Дәуіт соққан жалаңқат [37, 49 б.]

Қ. С. Ахметжанов «кираса» сауытының «жалаңқат» болуы мүмкін екендігін айтып былай дейді: «Түркі петроглифтерінде де осындай сауыт киген жауынгерлер бейнесі кездеседі. Қыпшақ балбал тастарындағы жауынгерлердің үстінде осындай сауыт. Орыстың ортағасырлық миниатюраларында половецтер (қыпшақтар) осындай сауытпен бейнеленген. Кираса сауытты көшпелілердің батыс тобы (скифтер, сарматтар, қыпшақтар) көбірек қолданғанға ұқсайды. Сондықтан қара қыпшақтан шыққан Қобыланды батыр туралы жырда жалаңқаттың айтылуы кездейсоқтық емес. «Жалаңқат» – кираса сауыттың қазақша атауы болу керек. Қыпшақ батырлары жалаңқат сауытты 11-12 ғасырларға дейін қолданған секілді» [8, 114 б.].

Сауыттарды соғып жасау өте күрделі жұмыс болған. Қ.С. Ахметжанов сауыттың берік болуы үшін шебер ұсталар жиналып, түрлі магиялық ырымдар қолданғандығын, жақсы сауыттардың құны сондықтан да қымбат болғандығын айтады.

Бір пайдасын көрді батыр сауыттың,
Сексен байтал қысыраққа соқтырған [37, 121 б.].

Жалпы, қазақ батырлары үнемі киіп жүрмегендігі белгілі, сондықтан олар сауытты ердің арт жағына, қанжығаға байлап алады екен. Мәселен, «Қобыланды батыр» жырында:

Алдында дабыл төңкерген
Артына сауыт бөктерген, – деп тегін айтылмаса керек [37, 64 б.].

Қазақтың эпостық жырларынан батырлардың «Ер қаруы – бес қаруды», яғни қару-жарақ, сауыт-саймандарын айқасқа түсер алдында сайлап киіп шығады.

Көкшенің киген шарайна,
Бастыра киген дулыға
Күмістей болып жайнайды.
Келе жатқан жауды көрген соң,
Ер қаруы бес қару
Бәрін тегіс сайлады [13, 224 б.].

Күш кірді, қуат бітіп толған сайын,
Сайманы, қару-құрал бәрі дайын [14, 69 б.].

Қобыландыдай еріңнің
Үстінде бар да ақ сауыт,
Сыртында бар да шарайна,
Басында бар да дулыға
Сыртында бар да қалқаны.
Қарсы тұрды қасқайып,
Жасқанатын ер ме еді [13, 147 б.].

Бес қаруын асынып,
Кіреуке сауыт жамылып,
Дулығасы басында,
Тұла бойы көк жасыл
Оранған ерлер темірге [25, 10 б.].

Батырлар жырындағы сауыт түрлерін, олардың жасалу тәсілдерін жыршы, жыраулар айшықты сөздермен айтып жеткізген. Темірден жасалған сауыттарды ұсталар тұтасымен соққан.

Үстімдегі ақ сауыт,
Ақ кіреуке, бек сауыт,
Сені соққан ер Дәуіт! [14, 137 б.].

Байқағанымыздай, көптеген батырлар жырларында сауыттың мықты да берік болу қасиетін оның ер Дәуіт ұстаның соғуымен байланыстырады. Інжілдік Дәуіт есімі эпикалық жырларда жиі кездеседі. Дәуіт соққан қару-жарақтар берік және тылсым сиқырлы күшке ие болған көрінеді. Сондай-ақ батырлар қару-жараққа Дәуіттің қолы тисе, міндетті түрде кез келген шайқас жеңіспен аяқталады деп сенген.

Денеге оқ дарытпас
Дәуіт соққан жалаңқат [37, 49 б.].

Батырлардың денесін қорғайтын жарақтармен қоса шарайналар да қолданылған. Қазақтың эпостық жырларында «шарайна» сөзі көптеп кездеседі.

Ар жағында шарайна
Сауыты мен екеуі
Қабатынан өте алмай,
Етінен өтіп жете алмай,
Алдындағы қалмақты
Бұтадайын көрмеді [13, 87 б.].

Көптеген зерттеу еңбектерінде «шарайнаның» парсы тілінен енген сөз екендігі айтылады. Бұл жөнінде Қ.С. Ахметжановтың еңбегінде: «Шарайна» атауы негізінде бұл жарақтың осы екінші үлгісінің атауы «шар» парсыша «төрт» деген сөз. «Шарбақ», «шардақ», «шаршы», «шартарап» сөздеріндегідей. «Шарайна» төрт айна дегенді білдіреді. Тақталары болат темірден жасалғандықтан шарайнаны кейде «шарболат» деп те атайды», – делінген [8,

124 б.]. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде: «Шарайна көне сауыт, латы» , – деп қысқаша анықтама берілген [36, 904 б.]. Шарайна металл тақталардан құрастырылып жасалынады. Л. Будаговтың берген анықтамасы бойынша «металлический нагрудник из четырех кусков, прикрепляемый к кольчуге» [41]. Шарайна шынымен де сауыт сыртынан кеудеге, арқаға дөңгелек болат тақталар арқылы бекітілген.

Тұрды Қосай қасқайып,
Үстіне оның кигені:
Ішіне киген ақ сауыт,
Сыртына киді шарайна,
Басына киген дулыға [13, 248 б.].

Ішінде бар да ақ сауыт,
Сыртында бар да шарайна,
Басында бар да дулыға,
Кезек бердім мен, – деді [13, 122 б.].

Шарайнаның қорғаныс қасиеті мықты болса керек. Оны бұл жыр мәтіндерінен байқаймыз:

Үстіне киген шарайна
Шапса, қылыш өтпеді,
Салса, найза батпады,
Таусылды сонда бар айла [13, 241 б.].

Сауыт пенен шарайна
Оған да оғы батпады [13, 123 б.].

Астындағы Шораның
Мінгені таспакер еді.
Үстіндегі кигені –
Оқ өтпейтін шарайна [13, 62 б.]

Кей кезде шарайнаны батырлар сырт киімнің сыртынан құр өзін де киетін болған.

Ол қалмақтың үстінде
Ақ сауыты жоқ екен,
Тек шарайна бар екен [13, 147 б.]

Шарайнаның жасалу үлгісі, тәсілі туралы Қ.С. Ахметжановтың еңбегінде жан-жақты сипатталынып беріледі: «Шарайналардың тақталарығ сәнді болу үшін, алтындалып, беттеріне ою салынып, құранның аяттары жазылатын. Іш жағы мақпал, барқытпен астарланып, жиектері шашақталып, аң терісімен жұрындалуы мүмкін. Екі бүйірлік тақталарының қолтық тұсы ойық болып келеді. Сәнділігі де, беріктігі үшін шарайналарды атақты батырлар, хан-патшалар, қолбасшылар киген» [8, 124 б.].

Басына киіп дулыға,
Және киіп шарайна

Атына мініп алады [13, 335 б.].

Қарасай, Қазі ерлерге
Басына киер дулыға,
Үстіне киер шарайна,
Қолына берді ақ сүңгі [13, 330 б.].

Үстіне киген шарайна,
Басында бар дулыға.
Қолына ұстап ақ найза,
Бір қолында қылышы [13, 240 б.].

Көкшенің киген шарайна,
Бастыра киген дулыға
Күмістей боп жайнады [13, 223б.].

Көшпелі халықтар қолданған шарайнаның үш үлгісі бар екендігі Қ. С. Ахметжановтың еңбегінде айтылады: «Шарайнаның бірінші үлгісі төрт дөңгелек тақталарды қайысбаумен жалғап жасалған. Бұл шарайна типі алғаш рет түркі заманында пайда болып, X-XII ғасырларда қыпшақтарда кең қолданыста болған. Шарайнаның екінші үлгісі – белді қорғайтын үлкен төрт төртбұрышты болат тақтадан құралған белдік шарайна. Бұл шарайна типі түркі халықтарында ХҮ ғасырда кең қолданысқа еніп, ХҮІІІ-ХІХ ғасырға дейін жетті. Кеуделік дөңгелек шарайналар мен белдік төртбұрышты шарайналарға кейде иықты қорғайтын айналар да қосылып, шарайнаның сауыт сияқты күрделі үшінші түрі пайда болған» [8, 124 б.]. Байқағанымыздай, жоғарыда айтылған екі түрінің уақыт өте келе жетілдіре түсуінен шарайнаның үшінші күрделі түрі пайда болыпты. Орыс батырлары осы шарайнаның үшінші үлгісін қолданып, оны «зерцало» деп атаған екен. Қ. С. Ахметжанов Еуропада батырлардың шарайнаны қолданғандығы жөнінде мәлімет жоқ екендігін айта отырып, орыс халқына шығыстан ауысқандығын сөз етеді.

Жалпы, шарайнаны қазақ батырларының жиі қолданғандығын жоғарыда келтірілген жыр мәтіндерінен көреміз. Бұл шарайнаның мықты да берік қорғаныс құралдарының бірі болғандығын дәлелі.

Қазақтың эпостық жырларында батырлардың қорғаныс құралдарының бірі басты қорғайтын жарақтар болып табылады. Соның бірі – дулыға. А. Қ. Тұрышев «дулыға» сөзінің шығу этимологиясын ашып көрсетуге тырысады. Ол: «Дулыға сөзінің түбір тұлғасы ду болуы мүмкін. Ду қытай тілінде екі деген ұғымды білдіреді екен. Демек (ду) қалың – деген мағына беретін сияқты. Сол себепті: ду-дуал-дуан-дуанбасы- дулыға шығу тегі бір болуы мүмкін», – деп жорамалдайды [31, 50 б.]. Дегенмен де «дулыға» сөзінің шығу төркіні әлі күнге дейін белгісіз болып қала бермек.

Үстіне киген шарайна,
Басында бар дулыға [13, 240 б.].

Дулыға киіп басына,
Атқа таман барады [13, 232 б.].

Дулығасы шалқайып,
Айылын бір жимастан,
Тұрды батыр талтайып [13, 225 б.].

А. Құралұлының «Қазақтың дәстүрлі мәдениетінің энциклопедиялық сөздігінде» «дулыға» сөзіне мынадай анықтама берілген: «Дулыға зат.көне. Соғыста батырлар киетін мателдан жасалған бас киім, қалпақ. Дулығаның екі жағы мен артқы етегіне темір тор ілініп, адамның мойны мен иығын тымақ тәрізді тұтас жауып тұрады. Дулыға батырдың басын сойыл, шоқпар, қылыш және садақ оғынан сақтауға арналған» [15, 104 б.].

Қ. С. Ахметжанов дуылғалардың сыртқы пішіні мен жасалу үлгісіне байланысты төрт түрге бөліп қарастырады: бөрік пішіндес, қалпақ пішіндес, телпек пішіндес, күләпара пішіндес [8, 125 б.]. Қ.С. Ахметжанов аталған дуылғалардың әрқайсысына тоқталып, олардың сыртқы пішіні мен жасалуы тәсілін, қолданылуын жан-жақты сипаттап береді: «Бөрік пішіндес үлгілерінің жиегі дөңес қырмен бөлініп, төбелдірігі мен жиегі алтындалып, ою-өрнекпен әшекейленіп жасалады. Төбелдірігі айыру белгісін тағуға арналған шошақ болуы мүмкін. Кейде төбесінің алды-артына беріктігін арттыру үшін қыр салынады. Тұтас темір дуылғаның екінші үлгісі – қалпақ пішіндес. Қазақтар қалпақтың формасына ұқсас, төбесі биік келген мұндай дуылғаларды «темір қалпақ», алтынданып әшекейленген үлгісін «алтын қалпақ» деп атаған» [8, 128 б.]. «Ер Көкше» жырында дулығаның жоғарыда аталған түрі кездеседі:

Көкшенің киген шарайна,
Бастыра киген дулыға
Күмістей болып жайнайды [13, 223 б.].

Сондай-ақ «Қобыланды батыр» жырында да батырдың басты қорғайтын алтын қалпақ кигендігі айтылады.

Алтын қалпақ, жез телпек
Баса киіп көзіне [37, 71 б.].

«Қалпақ» деп аталуы оның орыс тілінен ауысқандығын көрсетеді. Мұндай дуылғаларды орыс тілінде «колпак» немесе «шишак» деп таған екен. «Тұтас темір дуылғалардың үшінші үлгісі – күләпара пішіндес болып жасалады. Бұл үлгісінің желкелік, құлақтың бөлігі қозғалмалы болып бекітіледі де, құлағына бау тағылып иек астынан байланған. Тұтас темірден соғылған дуылғалардың төбесі әдемі болу үшін тегістеліп, жалтыратылып қоятын» [8, 133 б.]. Батырлар жырында мұндай дуылғалар төмендегіше сипатталады:

Басына киген дуылға
Күмістей боп жайнайды [13, 223 б.].

Темір дуылғалардың келесі түрін Қ. С. Ахметжанов «темір телпектер» деп атайды. Бұл дулыға түрін кең тарағандығын айта отырып, оның сыртқы пішініне тоқталады: «Бұл темір бас киімнің пішіні тақия (телпек) пішіндес болып, оның тек төбелік темірі ғана болады, кейде жіңішке жиегі болуы мүмкін.

Төбесі аласа, жиегіне кіреукелі, кейде темір тақташалар қосылып өрілген зерелі, көзге дейін түсіп тұратын, мойынды қорғайтын бөлігі жалғанады. Берік болу үшін төбесіне дөңес қырлар салынады» [8, 133 б.]. Батырлар жырында мұндай телпек пішіндес дулығалар да кездеседі.

Алтын қалпақ, жез телпек
Баса киіп көзіне [37, 71 б.].

Басына киген телпегін
Жұла тартып қолға алды,
Үстіндегі сауытын
Өз қолымен ағытып
Төмен қарай ысырды [42].

Қол бастаған батырлар
Алыстан айбар көрінген
Дулыға қалқан шеңберлі [25, 60 б.].

Ақ найзасын Ер Қосай
Тағы да қолға алады.
Балдағы алтын, күміс, болат
Оны белге шалады.
Дулыға киіп басына,

Атқа таман барады [14, 116], – деген жыр жолдарындағы дулыға – батырлардың ұрысқа шығарда басына киетін темірден жасалған бас киімі болып табылады. Дулығаның екі жағы мен артқы етегіне темір тор ілінеді. Ол адамның мойны мен иығын тымақ тәрізді тұтас жауып, қылыш, оқтан қорғайды екен.

Батырлардың қорғаныс құралының тағы бір түрі– қалқан. «Қалқан» қазақ тілінде «қалқалау», яғни бір нәрседен қорғану деген ұғымға сайып келеді. «Қалқан» сөзінің түбірі «қалқа». Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде: «Қалқа – бір нәрсенің ық жағы, тасасы», – деп түсіндіріледі [36, 464 б.]. Демек «қалқа» түбірі тасалану, қорғану деген мағынада қолданылып, -н-зат есім тудырушы жұрнақ жалғану арқылы «қалқан» сөзі пайда болған деп жорамалдаймыз. «Қалқан – шайқасқанда найза, қылыш соққысынан, садақ оғынан қорғану үшін қолға ұстайтын құрал. Металл қалқанды алғаш рет б.з.б. екі мыңыншы жылдарда ежелгі ассириялықтардың пайдаланғаны жөнінде деректер бар. Бұрындары төрт бұрышты, дөңгелек, жарты цилиндр тәрізді, жүрекше, астауша үлгідегі де қалқандар болған. Шығыста көннен, қоладан, ағаштан, темірден жасалған дөңгелек қалқандар кең тараған. Қазақтардың ертедегі қару-жарағында осындай дөңгелек қалқандар қолданылған» [43]. А Құралұлының «Қазақтың дәстүрлі мәдениетінің энциклопедиялық сөздігінде» қалқанға былай анықтама беріледі: «Қалқан зат.көне. Ерте заманда батырлардың қарсы жақтың найза, қылыш соққысынан, садақ оғынан майданда өзін қорғау үшін қолына ұстайтын қорғаныс құралы. Қалқанның төрт бұрышты, дөңгелек, жарты

цилиндр тәрізді, жүрекше, астауша т.б. көптеген түрлерін қолданған. Қазақтарда дөңгелек қалқан кең тараған. Бұларда қалқан көннен, қоладан, ағаштан, темірден жасалған» [15, 104 б.]. Қ.С. Ахметжанов қалқандарды төрт түрге бөліп қарастырады. Бірінші түрі – талдық шыбықтардан жасалған қалқандар; екіншісі – ағаш тақтайшаларды қатарлай көлденең ағашпен бекітіп, терімен сыртынан не астынан қаптап жасалған қалқандар; үшіншісі–тұтастай теріден сомдалып жасалған қалқандар; төртіншісі– болат темірлерден соғылып жасалған қалқандар [8, 143 б.].

Қазақтың эпостық жырларында қалқан таптырмас қару түрі екендігі көрінеді.

Арыстан батыр толғанды,
Қара басын қорғауға
Қалқанын батыр қолға алды [25, 109 б.].

Көзін ашып қараса,
Ортасынан бөлінген
Қолындағы қалқаны [25, 108- б.].

Қарасайдай батырдың
Дал-дүл болды қалқаны [25, 105 б.].

Басында бар да дулыға
Сыртында бар да қалқаны [13, 147 б.].

Қалқанды асынудың бірнеше әдіс-тәсілдері бар көрінеді. Қалыпты жағдайда батырлар қалқандарын ердің қасына немесе қанжығаға байлап алатын болған. Кей кезде қалқандарды иыққа асынған немесе арқа тұстан басына көтеріп асынған. Мұны Қ.С. Ахметжанов «қалқанды басқа көтеру» деп атайды [8, 143 б.]. Батырлар жырында қалқанды былайша асынып қолданғаны төмендегі жыр жолдарынан байқаймыз:

Сауыты жоқ шарайна,
Басында бар қалқаны,
Дулыға жоқ басында [13, 351 б.].

Жоғарыда келтірілген мысалдардан дулығаның батырлардың қорғаныс құралы болуымен қатар, ұста, зергерлер осындай жарақтың сәнделуі мен қорғаныстық жағына, яғни оның берік те мықты болуына жете назар аударған.

Батырларды ауыр соққылардан қорғайтын жарақтың келесі түрі «белдемше» деп аталады. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде «белдемше» сөзіне анықтама берілгенмен, оның жарақтың бір түрі екендігі сөз етілмейді: «1.көне Тойға көйлек үстінен киетін әйел киімінің сәнді түрі. 2.Алдыға байланатын алжапқыш. Белдемше ілгек – есікті бекітуге жасалған көлденең ағаш не темір» [36, 125 б.]. А. Құралұлының энциклопедиялық сөздігінде де «белдемше» сөзіне түсініктеме берілмеген. Т. Байжанұлы «История военной лексики» атты еңбегінде «белдемше» қорғаныс жарағына жан-жақты тоқталып, төмендегідей анықтама береді: «Белдемше – название одеяния казахских батыров,

защищающего спину и часть ребер от холодного оружия; встречается в казахском героическом эпосе» [24, 24 б.].

Қазақтың эпостық жырларында «белдемше» жарағының қолданылуы төмендегідей берілген:

Үш жасына келгенде
Белдеуге атты байлады.
Төрт жасына келгенде
Төредей болды еліне.
Бес жасына келгенде
Белдемше буды беліне [25, 431 б.].

«Белдемше» сөзінің құрылымын Т. Байжанов «бел+дем+ше» деп көрсетеді. Белдемшенің түркі тілдес халықтарына ортақ қолданылатыны мен жасалу тәсілі туралы Т. Байжанов былай дейді: «Слово «белдемше» бытует и в других тюркских языках. В кыргызском героическом эпосе «Манас» встречается термин «бес қабырғалы белдемчи» боевое одеяние, защищающее пять ребер от холодного оружия... Таким образом, «белдемше» – боевое одеяние, состоящее из искусно отделанных металлических пластин, прочно прикрепленные к ткани и надежно защищающее от холодного оружия... В памятниках древнетюркской письменности это слово не зафиксировано. В казахском языке оно появилось, видимо, в XV веке» [24, 24 б.].

Батырлар жырында жарақтың қосымша құралы «шығыршық» сөзі жиі кездеседі.

Береңгілі бек сауыт
Шығыршықты ккк сауыт,
Беркіне киіп алады [39, 272 б.].

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде «Шығыршық» сөзі туралы: «Шығыршық – дөңгелекше жұмыр темір», – делінген [36, 931 б.]. Сонда шығыршық сауытты бекітіп тұратын дөңгелекше келген темір екен. «Шығыршық» сөзі көптеген түркі тілдес сөздерде кездеседі. Т. Байжанов «шығыршық» сөзінің шығу төркінін талдап: «Слово «шығыр» во многих тюркских языках употребляется в значении «кольцо, круглый предмет»: в чагатайском чугур «водоворот», в татарском чугур «водоподъемное колесо», в узбекском чигир «колесо, приводимое в движение водой», в кыргызском чыгырык «круглый, вращающийся предмет» [24, 25 б.], – деген пікір білдіреді. «Шығыршық» сөзінің түпкі төркіні қазақ тілі екендігін атап, көптеген батырлық эпостарда, ақын-жыраулар шығармаларында бұл сөз «кольцо кольчуги» мағынасында қолданатындығын айтады. Шығыршықтың синонимі ретінде «көз» сөзі қолданылады екен. Мұны батырлар жыры мәтіндеріндегі мына жолдардан байқаймыз:

Кіндігінің тұсында,
Кем соғылған төрт көзі [13, 135 б.].

Екеуінің назары
Ештемені көрмеді.

Үстіндегі сауыттың
Ілгегі симай кернеді [14, 133 б.].

Қ. С. Ахметжанов жарақтардың жасалу тәсіліне байланысты тілде қолданылатын етістікті сөз тіркестеріне тоқталып: «Тұтас темірден жасалған сауыттар берен, жалаңқаттар «соғылады». Ал шығыршықты кіреуке, бадана сауыттар «өріледі». Болаттан өрген ақ сауыт // Екі қабат киеді. Көбелер тігіледі, соғылады, қаттама сауыттар «сырылады». Сол ерекшелігіне қарай әр жарақ түрінің бұзылуы, бүлінуіне де қатысты нақтылы сөздер бар. Жалаңқат, берен сауыттар «сынады», «жарылады». Көбелер «сөгіледі», астарынан «жыртылады», – дейді.

Ақ кіреуке *сөгілді*,
Сия алмай келеді [14, 315 б.].

Бадана көзді көк сауыт
Жік-жігінен *дырылдап*,
Байрақтай жаман *айрылды*-ай [14, 325 б.].

Екеуі киген ақ сауыт
Байрақтай дыр-дыр *жыртылды* [14, 133 б.].

Атқан оғы қалмақтың
Шарайнадан өтеді,
Ақ сауыт *сетінеп* кетеді [13, 214 б.].

Бұдан батырлардың ерлік істері мен асынған қару-жарақтарын айшықты сөздермен жеткізілуі тіліміздің байлығы мен жыраулардың сөз саптау шеберлігін дәлелдей түседі.

Қорытындылай келе, батырларды шайқас кезінде жау оғынан, түрлі қаруларынан қорғаған қорғаныс құралы, жарақтардың, орны ерекше деуге боларлықтай. Оны біз жыр мәтіндерінен көре аламыз. Аталған бөлімде батырлар жырындағы қорғаныс құралдары атауларының семантикалық, этимологиялық ерекшеліктері, олардың жасалу тәсілі мен қолданылуы сараланды, айшықты тіл өрнегімен жазылған жыр мәтіндеріндегі жарақ атауларының өзіндік сипаты анықталды. Жырға негіз болып отырған жарақ атауларын қазақ батырларының шебер қолдана білуі өз алдына қазақ жерінде әскери өнері мен қару-жарақтарды жасау технологиясы жоғары деңгейде болғандығын дәлелдей түседі.

3 Қазақи қару-жарақ атауларының қазіргі қолданысы

3.1 Қару-жарақ жасау өнерінің дамуы

Ата-бабаларымыздың қару-жарақты дайындаудың әдіс-тәсілін ертеден-ақ жақсы игергені қазақтың ауыз әдебиеті үлгілерінен де көреміз. Қару-жарақ жасау ісі бірқалыпты дамымаса да, 19 ғасырдың басына дейін жетіліп, жетілдіріліп, кейбір қару-жарақтар мүлде қолданыстан шығып қалса, ал кейбірі осы күнге дейін қолданыста жүр. Қару жасаудың технологиясын жақсы меңгерген шеберлер оларды өндеудің көптеген тәсілдерін ойлап тапты. Қару жасаушылар ертеде табиғи материалдарды қолданса, кейін металлургия өндірісінің дамуы салдарынан темір қару-жарақтарды соғып дайындап шығаратын болды. Қазақтардың қару-жарақты жасау өнерінің дамуы бірқалыпты болмағанға ұқсайды. Бұл халқымыздың көшпелі тұрмыс-тіршілігінен туындаған. Қазіргі уақытта ескірген қазақтардың кейбір қару-жарақтарының сан ғасырлық қаһармандық тарихы бар. А. К. Кушкумбаев қазақтың дәстүрлі қару-жарақ түрлерін шартты түрде екі түрге бөліп қарастырады: 1) жеңіл қарулар (құрық, қамшы, сойыл); 2) суық қарулар [32, 165 б.]. А. К. Кушкумбаев жеңіл қарулардың көшпелілер арасында кең тарағандығын айтады, себебі мұндай жеңіл қаруларды дайындау қиындыққа соқпаса керек. Сондай-ақ мұндай қару түрлері күнделікті тұрмыста, аңшылық кәсіпте де жиі қолданылып, кең таралған. Суық қару түрлерін жасалуы да көшпелі халықта жақсы дамыған. Ал осы қару түрлерін баптап дайындап соғатын шеберлерді «ұста» деп атаған. Қару жасаушы шеберлерді әртүрлі атаған көрінеді. Қару жасайтын шеберлердің атауларына жеке тоқталып, оларды әскери лексика терминдері қатарына жатқызған Т. Байжанов олар туралы: «Для обозначения мастеров-оружейников употреблялись термины шебер, ұста, дархан, зергер и др. Как свидетельствует героический эпос множества тюркских народов дархан (кузнец) в войсках тюрков в том числе казахского народа, пользовались особыми привилегиями. В казахском героическом эпосе «Кобыланды батыр» воспето мастерство и искусство дарханов (кузнецов). Возможно, тюрко-монгольское слово «дархан» связано этимологически с тюркским «тархан». Известно, что кузнецы в древности освобождались от уплаты налогов и пошлин», – дейді [24, 16 б.]. Шынымен де, қару-жарақ жасаушы ұсталардың ерекше қасиеті, тылсым күші бар екендігіне сенген. Мұны біз батырлар жыры мәтіндерінен кездестіре аламыз.

Бүгін қанға боялсын,
Балғаң тиген ақ сауыт
Бекітіп соққан ер Дәуіт [44, 70 б.].

Бабаң өткен ер Дәуіт
Саған кеткен қалдырып,
Сауыт пенен қылышты [45, 137 б.].

Жоғарыда аталған ер Дәуіт ұста есімі батырлар жырында жиі кездеседі. Аңыз бойынша Дәуіт пайғамбар (Давид) ең алғашқы металл өңдеуді үйренген қасиетті адам. Сондықтан көптеген эпостық жырларда батырлардың қаруын соғатын ер Дәуіт болып табылады. Сондай-ақ Дәуіт ұста соққан қару-жарақпен сайланған батыр міндетті түрде жеңіспен оралады деген сенім де бар.

«Ер қаруы – бес қаруға» жататын батырлардың қару түрлері де уақыт өте келе жетілдіріліп, жаңаланып, кейбір қару мүлдем ауыстырылып қолданған. Бес қарудың бірі болып саналатын садақты металл өндірісі қарқынды түрде дамыған тұста мылтық ауыстырды. Бұдан қазақтың қару-жарақ ісінің жетілдіріліп, жаңарып отырғанын байқаймыз. Мәселен, батырлар жырында мылтықтың садақпен қатар қолданған тұстары да кездеседі.

Садағыма сан кісі,

Мылтығыма мың кісі [14, 106 б.].

Қолындағы садақтың

Санаулы оғы таусылды.

Атып тұрған мылтықтың

Өлшеулі оғы таусылды [14, 108 б.].

Қазақ батырлары садақты Бұхарадан сатып алады екен. Садақтың «Бұхаржай» немесе «Бұхаржа» аталу себебі де осында болса керек.

Былғары садақ бұқаржай

Бұлғай тартты Ер Қосай [13, 145 б.]

Бұл жөнінде Ш. Ш. Уәлиханов: «Сайдақ, джак, киргизы делали сами, но предпочитали купленный из Бухары или от башкиров, впоследствии пошли и китайские», – дейді [4, 37]. Ал белгілі этнограф ғалым Қ. С. Ахметжанов: «Бұхарада жасалған жақтар Шығыста өте жоғары бағаланатын. Жақсы садақтардың құны бұрынғы кездерде қаншалықты қымбат тұрғанын батырлар жырында кездеседі», – дейді [46, 54 б.]. Мұның дәлелі ретінде жоғарыдағы жыр мәтініндегі «алты атқа алған адырна», «он атқа алған бұхар жай» сөз тіркестерінен байқауға болады.

Садақтың орнына оқ-дәрімен атылатын мылтық жасала бастады. Мылтықтың алғашқы түрлері қазақтардың арасында пайда болған мерзімі – XV-XVII ғасыр. Бұл қару түрі аң аңшылық пен мен соғыста қолданылды. Алғашқы мылтық дәрісінің құпиясын арабтар қытайдан біліп, XII ғасырда оны өндіріп, оқ-дәрі жасаған. Мылтықтың шиті, бытыралы, білтелі, шүріппелі, опырмалы, қос ауыз, жеке ауыз, көкберен, бесатар тәрізді түрлері бар.

Болаттан құйып жасалынған ұзын ұңғылы шиті мылтықтың атауы – ақберген. Мұндай мылтықтың оғы алысқа ұшады, дәл тиеді. Әрі мылтықтың салмағы ауыр болады. Оны «сирақты мылтық» деп атауының сыры: ұңғысының үш жағында ашалы таянышы бар.

Білте (пілте) мылтық – қазақтардың өздері жасаған, мақта білтемен от алатын, серіппесіз мылтығы. Бір данасы Москвада тарихи музейде сақтаулы. XVI-XVIII ғ. жоңғарларға, басқа халықтарға қарсы соғыста қазақ шеберлері көп жасап шығарған. Жалпы құрылысы басқа мылтықтармен бірдей, оқтығы ұзын,

от алатын құндағы бар, оқ-дәрі білтемен тұталады. Білте мылтықтың жерге тіреп ататын үш аяғы болады. Ең ұзыны әрі ауырын «шамқал» деп, ең алысқа тиетінін «күлдір мамыл» деп атаған [47, 65 б.]. Орта ғасырдағы соғыстарда қазақ жауынгерлері осындай түрлерін қолданған. Білте мылтықтың оғын да, оқ-дәрісін де қазақтар өзі жасап алған. Оқты тек қорғасыннан құйып, оқ-дәріні фосфор (селитра мен күкірттен) жасаған. Бергі кезде білте мылтық тек мергендердің меншікті қаруы болып қалған.

«Ер Қосай» жырындағы «Білтеліге доп салмай, қорамсаққа қол салмай. Атқан оғы жоғалмай, балдағы қанға боялмай» деген жыр жолдарында айтылатын қару – осы мылтық.

«Жеке ауыз – бір ауыз, қанды ауыз, жезді ауыз, шиті, берен мылтықтардың түрі. Оны бір ауыз, қанды ауыз, жезді ауыз, берен деп те атай береді. Бір оқпен атылады. Ертеректе ұсталар қолдан соққан. Жеке ауыздың бөлшектері құндақ, оқпан, шүрпі, шаппа, сирақ жеке ауызға оқты аузынан салады. Жеке ауыздың бөлшектерінің атауы: құндақ, оқпан, шүрпі, шаппа, сирақ. Оған оқты аузынан салып атады. Жеке ауызды ертеректе қазақ ұсталары қолдан соғып жасаған, – дейді зерттеушілер. Бертін келе қару-жарақ жасау өнерінің орнына әскери өнеркәсіп келді. Осылайша қару-жарақ жасау ісі жеке меншік нысандардан мемлекет меншігіне өтті» [48].

Еліміз егемендік алғаннан бергі кезеңде үзіліссіз жүріп жатқан қоғамдағы қайта құрулар, сондай-ақ еліміздің одан ары дамуы туралы бастамалар Қазақстан Қарулы Күштерінің қызметімен де тығыз байланысты. Қоғамды қайта құрудағы маңызды және неғұрлым өткір мәселелердің бірі – Қарулы Күштердің тағдыры болып саналады. Бұлай болуы заңды да, өйткені армия мемлекеттің тағдырын, ішкі тұрақтылығын, қазіргі әлемдегі орны мен маңызын айқындайтын құралдардың бірі.

Соғыстан сақтану – адамзаттың ең бірінші мақсаты. Қазіргі кездегі қасіретті болмыстардан – соғыс, қақтығыс, әскери қауіптен және әскери қатер көздерінен арылу армияға арқа сүйемей өтуі мүмкін емес.

Бүкіл әлемнің тыныш өмір сүру дәуіріне жету уақыты әлі алыс. Кіші, шағын және аймақтық қақтығыстардың тұтану ықтималдылығы біршама өсті. Қазіргі заманда әскери қауіп деңгейінің артуы мен оның белгілі бір жағдайда тікелей бағытталған әскери қауіпке ұласпауына кепілдік беру мүмкін емес. Сондықтан да соғыстың алдын алу жалпы мемлекеттік саяси мақсат болып табылады.

Қазіргі жағдайда басымдылық саяси құралдарға берілуі тиіс екендігі сөзсіз. Бірақ саясат мемлекеттің әскери қуаты мен жеткілікті экономикасына сүйенсе ғана тиімді болмақ. Демек, басқа мемлекеттік институттармен бірге бұл маңызды мәселені шешуде Қарулы Күштер де белсене атсалысуы тиіс. Қарулы Күштер мемлекеттің аумақтық тұтастығын сыртқы қауіп-қатерден қорғауды қамтамасыз етуде күш көрсету әдіс-тәсілдерін қолдана отырып, агрессияға қарсы тұруға міндетті.

Аймақта қалыптасқан әскери-саяси жағдайға байланысты және ТМД аумағында орын алып отырған саяси және экономикалық процестерді талдай келе, Қазақстан Республикасы өз Қарулы Күштерін құруды қолға алды.

Кез келген мемлекетте Қарулы Күштердің құрылуы, ең алдымен, ұлттық мүддеге негізделеді. Бұрынғы Одақтың әскери бірлігінің ыдырауында Қазақстан бастамашы болған жоқ, керісінше, ол соңғы кезеңге дейін біртұтас болу идеясын, ал кейіннен Достастықтың Бірлескен Қарулы Күштері болуын жақтады. Бұрын КСРО құрамына, сонан соң ТМД-ға кірген мемлекеттер өз қарулы күштерін құрғаннан кейін ғана, Қазақстан да өз Қарулы Күштерін құру туралы шешім қабылдады. Оның жылнамасы 1992 жылдың 7 мамырынан басталады.

Біздің елімізде Қарулы Күштерді реформалау Ата Заңымызда анықталған негізгі принциптер мен әскери реформа тұжырымдамасына сәйкес жүргізіліп келеді.

Әлемдегі, сондай-ақ Орталық Азия аймағындағы геосаяси жағдайдың өзгеруі, қауіпсіздіктің жаңа қатерлерінің пайда болуы, мемлекеттің әскери ұйымдарын нарық жағдайына бейімдеу жаңа әскери доктринаны қабылдауға әсер етті.

Әскери доктрина дегеніміз, мемлекеттің әскери қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, соғыстар мен қарулы жанжалдарды болдырмауға, Қарулы Күштерді, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарды дамыту мен қолдануға негіз қалаушы көзқарастар жүйесін білдіретін құжат. Онда бірыңғай мемлекеттік әскери-техникалық саясат жүргізу және мемлекеттік қорғаныс тапсырысын қалыптастыру туралы анық жазылған [49].

Қазақстан заманауи, жинақы да ұтқыр, жауынгерлік дайындық деңгейі жоғары армия құру жолын таңдады. Қарулы Күштердің жауынгерлік әзірлік деңгейін көтеру мемлекеттің әскери қауіпсіздік саласындағы басты тапсырмаларының бірі болып қала бермек.

Президент Қарулы Күштердің Жоғарғы Бас Қолбасшысы Н. Ә. Назарбаев анықтап бергендей, «әскерлердің сапасы мен тиімділігін арттыру» болып отыр. Сол себепті де, Қазақстан әскері жаңа қару-жарақ пен әскери техника жүйелерімен қамтамасыз етіліп, қазіргі заманға сай жауынгерлік қимылдар жүргізуге бейімделген жоғары білікті мамандармен қамтамасыз етілуі керек. Экономикалық қиындықтарға қарамастан, Қарулы Күштердегі жауынгерлік әзірлікті қажетті көлемде қаржыландыру одан әрі жалғаса беретін болады.

Қазақстан әлемде жер көлемі бойынша тоғызыншы, халық саны бойынша алпысыншы орынды алады. Сол себепті де бізге үлкен әскерді ұстап тұру мүмкін емес. Бірақ, біз еліміздің барлық әскери міндетті азаматтарын қару-жарақты игеруге, кез келген уақытта Отанымыздың егемендігі мен тұтастығын қорғауға әзір болуға оқытуымыз керек.

Шетелдік сарапшылар «Қазақстан Қарулы Күштері бүгінгі таңда посткеңестік мемлекет армияларының ішінде жетекші үштіктің қатарына кіреді. Орталық Азия аймағында сөзсіз көшбасшы саналады» деген баға берді.

Мемлекеттің әскери мекемесін дамытудың келесі бір басымдығы Қазақстан армиясын техникалық тұрғыда жарактандыру болып табылады. Қазіргі басты басымдықтардың қатарында әскерлердің сапалық өлшемдерін арттыру, оларды кезең-кезеңмен қару-жарақтың заманауи үлгілерімен, әскери техникамен және арнайы құрылғылармен жарактандыру бар. Сонымен қатар, жоғары дәлдіктегі қаруларды иелену де маңызды болып отыр.

Армияның әскери-техникалық әлеуетін нығайту жөніндегі тапсырмаларды шешуде отандық қорғаныс өндірісі кешендері де қатысуда. Отандық оқ-дәрілерді өндіруді ұйымдастыру бағдарламасы шеңберінде жаңа үлгілер жасауға қазақстандық қару өндірушілерінің екі жыл уақыты кетті. Қазіргі таңда зымыран-артиллериялық, авиациялық жою құрал-жабдықтарын жөндеу және қалпына келтіру бойынша қызмет көрсететін орталықтар құру мақсатында отандық кәсіпорындармен бірлескен жұмыстар жүргізілуде. Қазірдің өзінде Аэроұтқыр әскерлерінің, Әскери-теңіз күштерінің, байланыс әскерлерінің жекелеген элементтерін осы стандартқа көшірудің нақты қадамдары жасалынууда. Бұл қадамның дұрыс таңдалғанын тәжірибе дәлелдеп отыр.

Қазақстанның қорғаныс саясатындағы негізгі тапсырмаларының бірі қорғаныс өнеркәсібінің технологиялық базасын одан әрі дамыта отырып, жаңарту, қару-жарақтың, әскери техника мен оқ-дәрілердің жоғары технологиялық түрлерін өндіру, ел мүддесіне сай келетін халықаралық әскери ынтымақтастықты кеңейту болып табылады.

3.2. Қару-жарак атауларының жаңаша қолданысқа ие болуы

Бірнеше дәуірдің тарихы адамзат баласының болашақ үшін қоғамдық, әлеуметтік, экономикалық т.б. күресі, рухани жаңғырулары сан ғасыр өтсе де, сол халықтың ұрпағынан ұрпағына сол этностың тілінде сақталуы арқылы жетеді. Соның арқасында ұрпақ ана тілдің өміршендік қызметінің қуаты мен күдіреті негізінде ұлтымыздың көне тарихы мен мәдениетін дұрыс танып-білуге бастау алады. Осы бастаулар көзі кешенді тіл ғылымының көкжиегінде ұлттық мәдениеттің көзі ретінде тағлымдық мәні зор ұлттық тілдің өн бойынан табылады. Осымен байланысты тіл табиғатының құпиясы ғылымның басқа салаларымен (психология, антропология, мәдениеттану, мифология т.б.) тығыз қарым-қатынастың нәтижесінде танылып, ашылып отыр.

Соңғы уақытта қазақтың қару-жарақтары және әскери өнері жайында бірқатар еңбектер жазылды. Айталық, қазақтың дәстүрлі қолөнері, қару-жарағы, сауыт-сайманы, көшпелілердің соғыс тәсілдері сияқты тақырыптарда азды-көпті ғылыми зерттеулер, танымдық анықтамалықтар жарыққа шықты. Соның ішінде ер қаруы – бес қарудың бірі садақ пен садақ жебесі туралы да көптеген еңбектер бар. Бірқатар әдебиеттерде жебелердің неден жасалғаны, қандай мақсатта қолданылғаны, қаншалықты алысқа ұшатыны, салмағы, ұзындығы, қайдан табылғаны ғылыми тұрғыдан сипатталады. Дегенмен көптеген еңбектерде негізінен жалпылама «садақ оқтары» немесе «жебелер»

деген жалпылама атаулармен аталады. Болмаса ең көп қолданыста жүрген «қозыжаурын», «сауытбұзар» деген бір-екі атауы ғана аталады.

Ал қазақтың ауыз және жазба әдебиетін зерттеушілер жебе атауларының 40-қа жуық аттары бар екенін анықтап, олардың сол жырларда, дастандарда және көркем әдебиетте қалай қолданыс тапқандығынан мысалдар берген. Әйтсе де жиырмаға жетер-жетпес атаудың ғана жебенің қандай түріне орай қолданылғаны анықталды.

Кейбір деректерде садақ жебесінің 100-ге жуық түрі бар екені жазылған. Бұдан қазақтың бес қаруының бірі садақтың, оның ішінде жебенің қаншалықты жетілдірілгенін пайымдай аламыз. Сондай-ақ бабаларымыздың әскери өнерінің өте жоғары деңгейде дамығанын, қару-жарағының ертеден қалыптасқанын, ұлтымыздың жауынгерлік салтын бұлжымай сақталуына және қазақтың бойындағы жауынгерлік рухты жоғарылатуға ер қаруы – бес қарудың оң ықпал еткенін түйсінеміз.

Батырлар жырларында қолданылған ежелгі әскери терминдердің біразы көнерген сөздерге айналса, біразы жаңа мәнге ие болып әлі де қолданылуда. Ежелгі ауыз әдебиетімізде батырлардың қарулануын білдіретін «бес қаруын асынды», «бес қаруы бойында», «бес қаруын сайланған» деген сөз тіркестері тілімізде қазіргі кезде де қолданылады. Соғысқа қатысты «ер қаруы» деген сөз тіркесі жай қару емес, соғыс қаруы, жауынгерлердің соғыста қолданатын жеке қаруы деген ұғымды білдіретін халықтық әскери терминге айналды. Оқшантай, оқсауыт, оқ, оқ-дәрі, зымыран, мылтық, найза, ұңғы, қанжар, қылыш, кездік, дулыға, берен, сауыт, сүңгі, сойыл (резенке), балта, кісен, балдақ, құндақ, шоқпар, семсер, садақ, жебе, адырна, қорамсақ, керней, сап, ұрыс, шайқас, атыс, соққы, шабуыл, шегіну, қорғаныс, жекпе-жек, барлаушы, бөгет, басқыншы, бағынышты, атқылау, айдауыл, бақылау, барлау, бүлікші, бітімгер, жазалау, көздеу, қоршау, шеп, барлау, шабуыл, дабыл, ту, жалау, байрақ, бекініс, жарықшақ, жеңімпаз, мерген, атқыш, әскер, жауынгер, сарбаз сөздері жаңа мәнге ие болып қарулы күштер, қоғамдық тәртіпті сақтау, өрт сөндіру, аңшылық, спорт салаларында қолданысқа ие болды.

Әскери термин саласында байырғы сөздер негізінде термин жасау арқылы әскери сөздік құрамын толықтыру ісі де жүргізілуде. Ал байырғы әскери терминдерді заманауи әскери терминжасамда пайдалану ұтымды әдіс болып табылады, әрі оның нәтижесі көпшілікке ұғынықтылығымен ерекшеленеді. Егер келешекте қазақтың «онбасы», «жүзбасы», «мыңбасы», «қолбасшы», «әскербасы», мергенбасы деген әскери-әкімшілік шендерін қарулы күштер саласында пайдалануға енгізілсе құба-құп дер едік.

Сонымен қатар әскери терминдер қоры аударма арқылы да толығуда. Мәселен, мына сөздер сәтті аударылған әскери терминдер болып табылады: охрана страны – елімізді күзету, защита страны – елімізді қорғау, вооруженное вторжение – қарулы басып кіру, вооруженное нападение – қарулы шабуыл жасау, служебно-боевые действия – қызметтік-жауынгерлік іс-қимылдар, региональное управление – өңірлік басқарма, боевая подготовка – жауынгерлік дайындық, боевая позиция – ұрыс позициясы, боевая пружина – соққы

серіппесі, боевая техника – әскери техника, боевое донесение – жауынгерлік хабарлама, боевая техника – әскери техника, боевое донесение – жауынгерлік хабарлама, т.б.

Қазақстан Қарулы Күштер саласында мемлекеттік тілдің қолданылу барысы жайында Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің орынбасары Иманжүсіп Ақпомбаев былай дейді: «Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі мемлекетіміздің қорғаныс саласын қамтамасыз етіп қана қоймай, әскер саласындағы мемлекеттік тілдің де дамуына ерекше мән беріп келеді. Біздің мұндағы бірінші мақсатымыз әскерге Отан алдындағы парызын өтеуге келген әрбір жас сарбазды әскери дайындықтан өткізіп, тәні мен рухын шыңдау болса, екіншіден сарбаздардың өз арасында қазақ тілінде сөйлесіп, әскери әндерді қазақ тілінде шырқап, әскери терминдер мен сөздердің қазақ тілінде айтылуына баса мән беру болып табылады және оның айырықша мәні бар. Еліміз егемендігін алып, төрткүл дүниеге тәуелсіз мемлекет ретінде танылып, қасиетті ана тіліміз – мемлекеттік тілге айналған кезде, әскер тілін қазақ тілінде қалыптастыруға, дамытуға, басымдық беруге түбегейлі бетбұрыс жасалды. Әскерге келген сарбаздарға айтылатын бұйрық сөздер түгелімен қазақшаланып, Қарулы күштер саласында қазақ тілі жаппай көрініс таба бастады. Бүгінгі таңда да біз әскери саладағы қазақ тілінің әрі қарай да кең өріс алып, қанатын кеңге жайып, тілдік ортаның ана тілімізде қалыптасуына мүдделіміз. Тіліміздің сарбаздардың рухын, ер жүрек батырлық қасиеттерін тәрбиелеуде атқаратын рөлі аса зор. Өйткені халқымыздың ел мен жерді қорғаған батыр ұлдары да өз ана тілдерінде сөйлеп, сол үшін де рухы биік, намысы күшті болғаны тарихтан белгілі» [50].

Қазіргі таңда кейбір қару-жарақ атаулары ұлттық спорт түрлерінде кеңінен қолданыла бастады. Соның бірі –садақ тарту. Бұл спорт түрі Қазақстанда 1967 жылдан бастап дамып келеді [51]. Қазіргі кезде бұл спорт түрінен дүниежүзілік чемпион атағын алған қазақстандық спортшылар да аз емес.

Әскери-қолданбалы спорт түрінің біріне түрлі қашықтықтан мылтықтан түрі де жатады. Мылтықтан атуды өткізудің өзіндік ережелері, нұсқаулары белгіленіп, барлық қауіпсіздік шаралары қарастырылған.

Келесі қайта жаңғыртылып өткізіліп жүрген спорт түрі – семсерлесу. Семсерлесу ойынында екі жақ қолдарына таяқтан жасалған семсерлері мен қарсыласынан қорғанатын қалқанды алып, күш сынасып, семсерлесу шеберліктерін көрсетеді [52].

Бұл ойын түрлері жастарды сыйластыққа тәрбиелеп, ата-бабаларынан аманат болып жеткен ұлттық әскери өнерін дәріптеуге бағытталады.

Қазақ тілі әскери істің түрлі ұғым-түсініктерін білдіретін сөздер мен фразеологиялық тіркестерге бай болып келеді. Қазатың батырлар жырында, қазақ жыраулары мен ақындарының шығармаларында біз көптеген қару-жарақ атауларына байланысты сөз тіркестерін кездестіреміз, алайда көпшілік қауым оның мән мағынасына үңіліп, жете түсіне бермейді. Сонымен қатар қару-жараққа қатысты сөз оралымдары ауызша және жазбаша сөйлеуде кеңінен қолданылып жүр. Кейбір архаизм сөздер тілімізде қайта жаңғыртылып

қолданылуда. Қару-жараққа байланысты небір айшықты сөз тіркестерін біз батырлар жырынан да танып-білеміз.

Қ. С. Ахметжанов жарақтардың жасалу тәсіліне байланысты тілде қолданылатын етістікті сөз тіркестеріне тоқталып: «Тұтас темірден жасалған сауыттар берен, жалаңқаттар «соғылады». Ал шығыршықты кіреуке, бадана сауыттар «өріледі». Болаттан өрген ақ сауыт//Екі қабат киеді. Көбелер тігіледі, соғылады, қаттама сауыттар сырылады. Сол ерекшелігіне қарай әр жарақ түрінің бұзылуы, бүлінуіне де қатысты нақтылы сөздер бар. Жалаңқат, берен сауыттар «сынады», «жарылады». Көбелер «сөгіледі», астарынан «жыртылады», – дейді [8, 121бет].

Ақ кіреуке *сөгілді*,
Сия алмай келеді [14, 315 б.].

Бадана көзді көк сауыт
Жік-жігінен *дырылдап*,
Байрақтай жаман *айрылды*-ай [14, 325 б.].

Екеуі киген ақ сауыт
Байрақтай дыр-дыр *жыртылды* [14, 133 б.].
Атқан оғы қалмақтың
Шарайнадан өтеді,
Ақ сауыт *сетінеп* кетеді [13, 214 б.].

Қорытындылай келе, қазақ халқының жауынгерлік, ерлік, батырлық өмірінен көрініс беретін қару-жарақ атаулары қазіргі кездің өзінде де белсенді қолданылмаса да, ұлттық спорт, әскери өнердің бір бөлшегі ретінде өзектілігін айқындайды. Қазақтың ұлттық мәдени өмірінен хабар беретін қару-жарақ атаулары қазірдің өзінде белсенді қолданысқа ие болып, өзінің маңыздылығын жоғалтқан жоқ деуге болады. Жастарды елжандылыққа баулып, отансүйгіштік сезімге тәрбиелеу үшін қару-жарақ атауларына байланысты ұғым-түсініктерді санасына сіңіру маңызды болып табылады. Тәуелсіз елдің отанқорғаушы әскерлерін ұлттық идеология арқылы мемлекеттік тілде мемлекетшілдік, отансүйгіштік сезімдерге тәрбиелеу Ер Көкше, Ер Қосай тәрізді батыр бабалардың ерлігін ұлықтау болып табылады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қару-жарак – халқымыздың өмірі, тұрмыс-тіршілігінен көрініс беретін, сондай-ақ көшпелі қазақ халқының ерлікті аңсаған арман-мүддесін, батырлардың қаһармандық бейнесін танытатын тарихи жәдігер. Қару-жарак жаугершілік соғыс жиі болған кезінде аман қалудың, жанды сақтап қалудың негізгі қорғаныс құралы болды.

Қару-жарак атауларының қазақ фольклорында, оның ішінде батырлар жырында маңызды рөл атқарады. Батырлар жырындағы бас кейіпкердің айрықша дара қасиеттерін, ерлік іс-әрекеттерімен танылуында қару-жарактың қызметі ерекше болып табылады. Мәдениетіміздің рухани дамуындағы ерте кездерінде қалыптасқан анимизм, фетишизм, шаманизм, тотемизм сияқты қазақтың көне наным-сенімдердің осындай қарапайым үлгілері де қару-жаракқа қатысты әдет-ғұрыптарда көрініс таба білді. Қару-жарак атауларының тілдік ерекшелігін, ұлттық дүниетаныммен байланыстылығын жыр мәтіндеріне талдау жасау арқылы анықтауға болады.

Қазақтың батырлар жырларынан көргеніміздей қазақ халқы қару-жарактардың ерекше магиялық қасиеті болғанына сенген. Мұның ізін біз қазақтың қару-жаракқа байланысты туындаған салт-дәстүр мен ырым, жоралғылардан көре аламыз. Тіпті қару-жаракты баптап дайындаған ұсталардың өздерін де ерекше қасиет бар деп, олардың қолдарынан шыққан қару-жарактардың сиқырлы күшіне сенген. Батырлардың айқас алдында қару-жаракпен серттесуі, қарудың жаны бар деп сенуі, оның батырға ерекше күш-қуат дарытуы қазақтың қару-жаракқа қатысты ежелгі дүниетанымымен тығыз байланысты. Қару-жарак түрлерінің қызметі, қолданылуы батырлардың қорғаныс құралдары ғана емес, сонымен қазақ халқының салт-дәстүр, тұрмыс-тіршілігімен тығыз байланысты екендігін анықтадық. Сондай-ақ қару-жарак арқылы батыр бабаларымыз өз елін, жерін қорғап, олардың ерлік істері жырмен айшықталып, кейінгі ұрпаққа жеткізіліп отырған. Осындай бапталған құрал-саймандарының көмегімен және өздерінің қаһармандық іс-әрекеттерінің арқасында қазақ батырлары жауларын жайратып, жеңіске жеткен.

Батырларды шайқас кезінде жау оғынан, түрлі қаруларынан қорғаған қорғаныс құралы, жарактардың, орны ерекше деуге боларлықтай. Оны біз жыр мәтіндерінен көре аламыз. Зерттеу жұмысының барысында батырлар жырындағы қорғаныс құралдары атауларының семантикалық, этимологиялық ерекшеліктері, олардың жасалу тәсілі мен қолданылуы сараланды, айшықты тіл өрнегімен жазылған жыр мәтіндеріндегі жарак атауларының өзіндік сипаты анықталды. Жырға негіз болып отырған жарак атауларын қазақ батырларының шебер қолдана білуі өз алдына қазақ жерінде әскери өнері мен қару-жарактарды жасау технологиясы жоғары деңгейде болғандығын дәлелдей түседі.

Қазақ халқының жауынгерлік, ерлік, батырлық өмірінен көрініс беретін қару-жарак атаулары қазіргі кездің өзінде де белсенді қолданылмаса да, ұлттық спорт, әскери өнердің бір бөлшегі ретінде өзектілігін айқындайды. Қазақтың ұлттық мәдени өмірінен хабар беретін қару-жарак атаулары қазірдің өзінде

белсенді қолданысқа ие болып, өзінің маңыздылығын жоғалтқан жоқ деуге болады. Жастарды елжандылыққа баулып, отансүйгіштік сезімге тәрбиелеу үшін қару-жарақ атауларына байланысты ұғым-түсініктерді санасына сіңіру маңызды болып табылады. Тәуелсіз елдің отанқорғаушы әскерлерін ұлттық идеология арқылы мемлекеттік тілде мемлекетшілдік, отансүйгіштік сезімдерге тәрбиелеу Ер Көкше, Ер Қосай тәрізді батыр бабалардың ерлігін ұлықтау болып табылады.

Батырлар жырларындағы қару-жарақ атауларының лингвомәдени сипатын қарастырып, төмендегідей тұжырымдар жасадық:

- қазақ этносының табиғи, рухани болмысы туралы тілдік сипаттамалар, оның рухын, дүниетанымын, ұғым-түсінігін білдіретін тілдік деректер де жинақталып зерделенді;

- «Ер Көкше», «Ер Қосай» жырларындағы қару-жарақ түрлерінің этнолингвистикалық табиғатын жүйелеу концепциясы, тірек-сызбасы жасалынды;

- қазіргі кезде қолданыста жүрген қару-жарақ атауларының көне қару-жарақ атауларымен сәйкестілігі зерттелінді;

- Алынған нәтижелер таңдалған зерттеу тақырыбының көкейкестілігін және зерттеудің ғылыми болжамының дұрыстығын дәлелдейді;

- қару-жарақты қазақ халқының мәдени-тұрмыстық жағдайларына қатысты қарастыру;

- бүгінгі әскери оқу орындарында этнолингвистикалық тұрғыда тарихымыздағы бар қару-жарақтарды таныту;

- жоғарыда аталған батырлар қару-жарақ атаулары бойынша халықтың рухани мәдениетінің сипатын таныту.

Ғылыми зерттеу жұмысын қорытындылай келе, батырлар жырындағы қару-жарақ түрлерінің лингвомәдени, этнолингвистика тұрғыдан саралау әлі де болса ауқымды зерттеулерді қажет етеді. Ұлттық мәдениетіміздің (тіліміз, салт-дәстүріміз, ұлттық мінез-құлық) жоғалған тұстарын егемендік алған санаулы мерзімде қайтадан жаңғырту, екінші жағынан, қазіргі замандағы жаһандану үдерісі кезіндегі ұлт пен оның тілі тағдыры осындай ізденістерімізге айрықша маңыздылық, айрықша жүк артады. Ғылыми жоба жұмысындағы материалдар аталған мәселелерді зерттеп жүрген оқушы, студент жастарға, әскери мамандық таңдау курстарында, алғашқы әскери пәнін оқитын аудиторияларда, әскери қызмет салаларында қосымша материалдар ретінде пайдалануға болады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Қасқабасов С.А. Ойөріс. – Астана: Астана полиграфия, 2009. – 320 б.
- 2 Қасқабасов С.А. Қазақ фольклорындағы ұлттық киімдер. // Қазақ әдебиеті. – 1984. – 7 қыркүйек.
- 3 Маслова В. А. Лингвокультурология. – Москва: Академия, 2001. – 208 с.
- 4 Валиханов Ч. Ч. Собрание сочинений в пяти томах. Том 4 – Алма-Ата: Главная редакция Казахской советской энциклопедии, 1985. – 463 с.
- 5 Курылев В.П. Оружие казахов. // СМАЭ. Т.34. Материальная культура и хозяйство народов Кавказа, Средней Азии и Казахстана. – Л., 1978. 200 с.
- 6 Ұзақова Р.М. Қазақ фольклорындағы қару-жарақ көрінісі: филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін диссертация авторефераты. – Алматы, 2010. – 26 б.
- 7 Қашқари М. Түрік сөздігі. 3-кітап. Ауд. А. Егеубай. – Алматы: Хант, 1998. – 600 б.
- 8 Ахметжанов Қ.С. Жараған темір кигендер: Батырлардың қару-жарағы, әскери өнері, салт-дәстүрлері. – Алматы: Дәуір, 1996. – 240 б.
- 9 Мухатаева А.Ж. Доспехи и атрибуты (по материалам казахского эпоса) //«Наука вчера, сегодня, завтра»: сборник статей по материалам XXIII международной конференции. (Россия, г. Новосибирск, 08 апреля 2015г.)
- 10 Философский энциклопедический словарь // ред.- сост. Е.Ф. Губского и др. – Москва: Инфра-М, 2006. – 574 с.
- 11 Косвен М.О. Очерки истории первобытной культуры. – Москва: Издан. АНССР, 1957. – 240 с.
- 12 Сүлеймен М. Қазақтардың әскери-қару жарағы. // <http://www.info-tses.kz/red/>
- 13 Бабалар сөзі: Жүз томдық. – Т.51: Батырлар жыры. – Астана: Фолиант, 2008. – 448 б.
- 14 Бабалар сөзі: Жүз томдық. – Т. 44: Батырлар жыры. – Астана: Фолиант, 2007. – 496 б.
- 15 Құралов А. Қазақ дәстүрлі мәдениетінің энциклопедиялық сөздігі. – Алматы: Сөздік-Словарь, 1997. – 367 б.
- 16 Қалиев Ғ., Болғанбаев Ә. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. – Алматы: Дәуір, 2004. – 256 б.
- 17 Қазақ әдебиетінің тарихы. Он томдық. 1-том. – Алматы: ҚазАқпарат, 2008. – 812 б.
- 18 Нұрлан Құмар. Ер Қосай. // <http://anatili.kazgazeta.kz>.
- 19 Валиханов Ч. Избранные труды. Под ред. А.Маргулана. – Алматы: Худ. лит, 1958. – 643 с.
- 20 Марғұлан Ә. Ежелгі жыр аңыздар. – Алматы: Жазушы, 1985. – 345 б.
- 21 Х. Сүйіншәлиев. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы: Санат, 2006. – 904 б.
- 22 Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі. Әскери іс. – Алматы: Мектеп, 2001. – 652 б.

- 23 Әбдуов М. Діни эпостардағы Әзірет Әлидің бейнесі. // Қазақ тілі мен әдебиеті. – № 6. – 2006. – 55-58 б.
- 24 Байжанов Т. Б. История военной лексики: филология ғылымдарының докторы ғылымдарының докторы диссертациясын алу үшін авторефераты. – Алматы, 1993. – 43 б.
- 25 Бабалар сөзі: Жүз томдық. – Т. 46: Батырлар жыры. – Астана: Фолиант, 2008. – 512 б.
- 26 Юдахин К. К. Киргизско-русский словарь. В двух книгах. Около 43 40 000 слов. – Фрунзе: Главная редакция Киргизской Советской Энциклопедии, 1985. Кн. 1. – 504 с.
- 27 Мухатаева А.Ж. Основные типы личного оружия батыра (по материалам казахского эпоса). // Международный журнал экспериментального образования. – № 8. – А., 2014. – С. 53-56
- 28 Максұтбек С. Қазақтардың әскери қару-жарағы. // <http://adyrna.kz>
- 29 Қайдаров А. Т. Доспехи и вооружения воина-батыра в казахском эпосе и их этнолингвистическое объяснение. // Известия АН КазССР. Серия обществ. наук. – 1973. – № 6. – С. 25-34
- 30 Арыстанова Г. М., Еркебаева Г. Ғ. Қазақ халқының жаугершілік киім-кешектері мен қару-жарақтары және соғыс уақытындағы кейбір дәстүрлері. // <http://old.abai.kz>.
- 31 Тұрышев А.Қ. Мәшһүр Жүсіп шығармаларындағы заттық мәдениет лексикасы: Монография. – 1 том. – Павлодар: Кереку, 2008. – 273 б.
- 32 Кушкумбаев А.К. Военное дело казахов в XVII-XVIII веках. – Алматы: Дайк-Пресс, 2001. – 172 с.
- 33 Қозыбаев М. Жауды шаптым ту байлап. – Алматы: Қазақстан, 1994. – 192 б.
- 34 Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. – Алматы: DPS, 2011. – 736 б.
- 35 Тұрышев А. Қ. Мәшһүр Жүсіп шығармаларының этномәдени аспектісі: Монография. – 5 том. – Павлодар: Кереку, 2008. – 246 б.
- 36 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. // Жалпы редакциясын басқарған Т. Жанұзақов. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 968 б.
- 37 Ақсауыт: Батырлар жыры: Екі томдық. 1-т. – Алматы: Жазушы, 1977. – 368 б.
- 38 Диваев Ә. Тарту. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 256 б.
- 39 Ақсауыт: Батырлар жыры: Екі томдық. 2-т. – Алматы: Жазушы, 1977. – 415 б.
- 40 Горелик М. В. Монголо-татарское вооружение второй половины XIV- начало XV вв. // http://www.kitabhona.org.ua/libwar_armor/gorelikmongolarmor.
- 41 Мухатаева А.Ж. Этимология лексики казахского эпоса. // Филологические науки. – №4. – А., 2014. – С. 161-164
- 42 Бабалар сөзі: Жүз томдық. – Т.50: Батырлар жыры. – Астана: Фолиант, 2008. – 464 б.
- 43 Жолдасбайұлы С. Ежелгі және орта ғасырдағы қазақ елінің тарихы: (жоғары оқу орындарына арналған оқулық). – Алматы: Кітап, 2010. – 333 б.

- 44 Бабалар сөзі: Жүз томдық. – Т.45: Батырлар жыры.– Астана: Фолиант, 2004. – 464 б.
- 45 Бабалар сөзі: Жүз томдық. – Т.49: Батырлар жыры. – Астана: Фолиант, 2008.– 416 б.
- 46 Ахметжан Қ.С. Қазақтың дәстүрлі қару-жарағының этнографиясы. – Алматы: Алматыкітап ЖШС, 2006. – 216 б.
- 47 Аманжолов К., Тасболатов А. Қазақша әскери терминдердің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Білім, 1999. – 92 б.
- 48 Қазақстан: Ұлттық энциклопедия. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы. –2002. Т.4: Ж-К. – 720 б.
- 49 Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері. // <https://kk.wikipedia.org/wiki/>
- 50 Ақпомбаев И. Сарбаздарға қазақ тілі рух беруі тиіс. // «Ана тілі» газеті. – 2013. – № 16. – 4 б.
- 51 Төтенаев Б. Қазақтың ұлттық ойындары. – Алматы: Қайнар, 1994. – 144 б.
- 52 Тайжанов С. Қазақтың ұлттық ойындары. – Алматы: Эверо, 2010. – 124 б.